




## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әнгімелесу барысында тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективаларын талқылап, қарым-қатынастардың стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекеттер басшылары екі ел үкіметтерінің сауда-экономикалық, инвестициялық, өнеркәсіптік және мәдени-гуманитарлық салаларда бұған дейін қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру бағытындағы үйлесімді іс-қимылдарын жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулердің кестесін пайсықтады.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



### Құрметті отандастар!

Баршаңызды Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Жарқын жаз өскелең ұрпаққа қамқорлықтың символына айналған осы мерекеден басталады.

Ұл-қыздарымыздың парасатты және жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтардың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау әрдайым мемлекеттің басты басымдығы саналады. Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан еліміздегі әрбір жеткіншектің мейірім мен қамқорлыққа бөленіп, үлкеннің қолдауын сезінуі, ертеңгі күнге сеніммен қарауы өте маңызды.

Мен жас ұрпақ Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаттарын нақты жүзеге асырып, «Адал азамат» тұжырымдамасының озық идеяларына толық сай болады деп сенемін. Ол үшін біз бүкіл қоғам болып жалпыұлттық құндылықтарымызды ұрпақтың бойына сіңіруіміз және оларды еңбекқорлық пен білімпаздыққа баулуымыз керек. Сондай-ақ төл тарихымыз бен мәдениетімізді құрметтеуге үйретуіміз қажет.

Барлық бала ата-анасы мен жақындарын оқудағы, шығармашылық саладағы және спорттағы жетістіктерімен, жақсылық пен жасампаздыққа ұмтылысымен қуанта берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, толайым табыс тілеймін!



## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ЗАМАНЫ

Мемлекет басшысы әрқашан ғылым саласына көңіл бөліп, ғалымдарға қолдау білдіріп келеді. Мұны өзінің жолдаған Жолдауларынан, айтылған Үндеулерінен байқаймыз. Кеше ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда ғалымдармен кездесті. Ғылым саласындағы атқарылуға тиісті мәселелерді көтеріп, кейбір олқылықтарды атады. Сонымен қатар алдағы атқарар істер мен жоспарлар жөнінде де кеңінен сөйледі.



## АЛМАТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ – ЕҢ ІРІ ӘУЕ АЙЛАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Алматы қаласына барды.

Президенттің Алматыға жұмыс сапары қала әуежайының жаңа халықаралық терминалын аралап көруден басталды. Мемлекет басшысына терминалдың ашылуы қарсаңында құрылыстың қалай жүргізілгені жөнінде баяндалып, жолаушыларды тіркеу, шекара және кедендік бақылау аймақтары, жүк бөлімі таныстырылды.

Бұдан кейін Президент әуежайдың жаңа VIP-терминалын аралап көрді. Ол қала мен ел туралы алғашқы әсер әуежайдан қалыптасатынын атап өтті.

«Алматы халықаралық әуежайы – еліміздегі ең ірі әуе айлағы. Оңтүстік астанамызды тамашалайтын туристер саны жыл сайын артып келеді. Былтыр қалаға 2 миллионнан астам турист келіп-кеткен. Осыдан екі жыл бұрын құрылыс орнына капсула



салу рәсіміне қатысып едім. Ал ертең, міне, Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалы алғашқы рейстерге қызмет көрсетпек», – делі Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент терминал құрылысын халықаралық стандарттарға сай жүргізгені үшін TAV GROUP

компаниясына, сондай-ақ Алматы үшін осындай маңызды жобаға атсалысқан кредиторлар консорциумы – Еуропалық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына және Еуразиялық даму банкіне алғыс айтты.

## ТАРАЗЫ БАСЫН ТЕҢ ҰСТАҒАН



5  
БЕТ

## ТӘУЕКЕЛ – ҰЛДЫҢ ҰРАНЫ



8  
БЕТ



# ҒЫЛЫМ мен БІЛІМНІҢ ЗАМАНЫ



Мемлекет басшысы әрқашан ғылым саласына көңіл бөліп, ғалымдарға қолдау білдіріп келеді. Мұны өзінің жолдаған Жолдауларынан, айтылған Үндеулерінен байқаймыз. Кеше ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда ғалымдармен кездесті. Ғылым саласындағы атқарылуға тиісті мәселелерді көтеріп, кейбір олқылықтарды атады. Сонымен қатар алдағы атқарар істер мен жоспарлар жөнінде де кеңінен сөйледі.

Президент алғашқы сөзін жиын өтіп жатқан Ғылым ордасынан бастады. «Бүгін сіздермен ғылым ордасында жиналып отырмыз. Қуаныштымын. Бұл — қазақ ғылымының кара шаңырағы. Өздеріңіз жақсы білесіздер, соңғы кездері бұл ғимарат әбден тозып кетті. Сондықтан мен осыдан екі жыл бұрын бұл жерде күрделі жөндеу жүргізу жөнінде нақты тапсырма бердім. Содан бері біраз шаруа атқарылды. Іші де, сырты да заман талабына сай жаңғыртылды. Ең бастысы, ғимараттың тарихи келбеті сақталды. Жыл соңына дейін бұл жұмыс толық аяқталады, абаттандыру жұмысы жүргізіледі. Жанарған Ғылым ордасы бүгінгі және болашақ ғалымдар үшін қызмет ете береді. Жалпы, осы жерде халқымыздың көптеген көрнекті ғалымы еңбек еткен. Ғылым ордасында есімі ел тарихына жазылған біртуар тұлғаларымыздың ізі қалған. Сондай ұлт перзенттерінің бірі әрі бірегейі — академик Қаныш Сәтбаев. Биыл ғалымның туғанына 125 жыл толды» деген Мемлекет басшысы әрі қарай ғалымдардың мемлекеттің даму жолындағы маңызына назар аударды.

«Шикізатқа арқа сүйеп отырған ел алысқа бармайды. Бізге ғалымдар, инженерлер, өнертапқыштар қажет. Мамандарымыз әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай білімді, білікті болуы керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып жатыр. Мен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында бірқатар нақты тапсырма бердім. Барлық мәселе менің тікелей бақылауымда. Өздеріңізге мәлім, ғылымға бөлінетін қаржы ұдайы артып келеді. Білікті кадрлар әзірлеуге арналған грант саны соңғы жылдары бір жарым есе көбейді. Қазақстанда әлемнің беделді 12 жоғары оқу орнының филиалы жұмыс істеп тұр. Көп ұзамай тағы бірнешеуі ашылады. Зерттеу жұмыстарымен айналысатын университеттер көбеюде. Технология парктері және инжиниринг орталықтары ашылып жатыр. Жыл сайын 500 ғалым шетелде тағылымдамадан өтеді. Министрлік жас ғалымдарға мыңдаған грант бөліп жатыр. Мұның бәрі ғылымды дамытуға оң

ықпалын тигізеді деп ойлаймын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЕУРАЗИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ ЦИФРЛЫҚ ХАБТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛУҒА ТИІС

«Біз қазіргі заманғы технологияны менгерген жас ғалымдарға зор үміт артамыз. Жастардың ғылыммен айналысуына барынша жағдай жасап жатырмыз. Биыл Ұлттық ғылым академиясының жанынан Жас ғалымдар кеңесі құрылды. Бұл кеңес талапты жастардың басын қосып, ғылым жолына жұмылдырады деп сенемін», — деген Президент экономикамыздың аса маңызды салалары үшін инновациялық жобалар мен ұтқыр шешімдер қажеттігін атап өтті.

«Ең алдымен, қоғамдағы барлық үдеріс пен салаланы одан әрі цифрландыруға назар аудару керек. Бұл орайда жас ғалымдардың, инженерлер мен кәсіпкерлердің әлеуетін біріктіру маңызды рөл атқарады. Әлемдегі Google, Microsoft, Apple сияқты көптеген технологиялық алпауыттардың негізін студенттер қалаған. Біздің елімізде де талантты командалар пайда болады және олар жаһандық нарықта көш бастайтын IT-компаниялар құрады деп сенемін. Қазақстан Еуразиядағы ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналуға тиіс. Оған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Мақсатқа жету үшін жасанды интеллектіні барлық салаға жылдам енгізу қажет. Қазір әлем экономикасындағы озық технологиялардың үлесі артып келеді. Сарапшылар оның көлемі 2030 жылға қарай 16 триллион долларға жетеді деп болжап отыр. Біз осы көштің басында болуымыз керек. Ол үшін жасанды интеллектіні дамытуға тезірек қолайлы жағдай жасағанымыз дұрыс. Бұл қадам экономиканы орнықты дамытуға тікелей әсер етеді. Сондай-ақ еліміздің технологиялық тәуелсіздігін сақтауға ықпалын тигізеді», — деді Қ.Тоқаев

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазір жасанды интеллектінің маңызын да атап өтті.

«Қазір осы саланың инфрақұрылымын дамыту үшін нақты шаралар қолға алынды. Суперкомпьютер жасауға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік органдармен қатар, ғылыми

қауымдастық пен бизнес те оның игілігін көретін болады. Жасанды интеллектіні дамыту ісінде елдің кадрлық әлеуеті маңызды рөл атқарады. Сондықтан білікті мамандардың қатарын көбейту керек», — деді ел Президенті.

## АУЫЛ ДА, ҚАЛА ДА СМАРТ СТАНДАРТЫНА САЙ БОЛУҒА КЕРЕК

Мемлекет басшысы мұнай химиясында дәстүрлі пластик және жаңа материалдар сияқты қосымша құны жоғары өнімдер шығаруды жолға қою қажеттігін атап өтіп, «Жасыл» экономиканың дамуы аккумулятор өндірісіне қажетті сирек кездесетін металдарға сұранысты арттыратынын



жеткізді. «Мысалы, сарапшылардың бағалауынша, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін ғасыр ортасына қарай Еуропаға қазіргіден 35 есе көп литий қажет болады. Бізде осы және өзге де металдардың мол қоры бар. Геологиялық барлау жұмыстарының ауқымын кеңейтіп, бұл салаға үздік әлемдік тәжірибені енгізу қажет. Жалпы, білімге негізделген экономика құру үшін ғылыми мекемелер мен бизнестің өзара тығыз байланысын қамтамасыз ету маңызды. Бұл жұмыс барысында ғылыми идеяларды коммерциялық табысты өнімге айналдыратын инновациялық кластерлер, технопарктер мен бизнес-инкубаторлар ашылады. Мұндай құрылымдар тиісті жобаларға идеядан бастап оны нарықта жүзеге асыруға дейінгі барлық кезеңде қолдау көрсетуі керек», — дей келе, елді мекендердегі тұрмыс сапасын жақсарту үшін озық технологияларды көбірек пайдалану қажетін айтты.

«Біздің қалаларымыз, тіпті ауылдарымыз да smart стандартына сай болуы керек. Бұл — Үкімет пен әкімдер басымдық беруге тиіс бағыттардың бірі. Бірақ осы жұмыспен облыс басшыларының ешқайсысы білек сыбанып айналыспайды. Сондықтан нәтиже жоқ. Алматы облысында салынып жатқан Alatau City «ақылды қаланың» жарқын үлгісіне айналуы қажет. Бұл қала сингапурлық Surbana Jurong консалтингтік компаниясының қатысуымен салынып жатыр. Шаһар өмір сүруге, бизнес жүргізуге ыңғайлы әрі жетекші халықаралық іскерлік хабқа айналуы керек. Аталған жоба Қазақстанның экономикалық дамуына тың серпін береді», — деді Президент.

## ЖҮЙЕЛІ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОЛҒА АЛУ КЕРЕК

Сондай-ақ жиында Мемлекет басшысы алдағы уақытта табиғи апаттардың арта түсуі мүмкін екенін, бұл ретте ғалымдардың қаншалықты маңызға ие екендігіне тоқталды.

«Жуырда болған алапат тасқын салдарынан ондаған мың отбасы зардап шекті. Көптеген адам дүние-мүлкінен айырылды. Экономикаға орасан зор зиян келді. Апат салдарын жоюға Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық күш-құралдары жұмылдырылды және басқа да күштік құрылымдардың жеке құрамы қатысты. Су тасқыны кезінде 120 мыңға жуық адам, оның ішінде 45 мың бала құтқарылып, эвакуацияланды. Батылдық пен қызметтік міндеттеріне адалдықтың нағыз үлгісін көрсеткен

Мұның бәрі экономиканың дамуына, халықтың денсаулығы мен әл-ауқатына орасан зор кері әсерін тигізіп жатыр. Сондықтан қазір әлемдік қауымдастық климаттың өзгеруімен күреске баса назар аударып отыр. Бұл іске Қазақстанның Алматыда Орталық Азия елдерінің климат және «жасыл» энергетика мәселелері жөніндегі жобалық кеңсесін ашу туралы бастамасы айтарлықтай үлес қосалады. Уақыт өткен сайын сезіліп келе жатқан су тапшылығы проблемасы біздің өніміміз үшін өте өзекті болып отыр. Су — негізгі тіршілік көзі. Оған экономикалық даму, ауыл шаруашылығы және адамдардың тұрмыс сапасы тікелей байланысты. Сондықтан су ресурстарын үнемдеу, ұтымды пайдалану және саланы басқару тиімділігін арттыруға қатысты жүйелі ғылыми жұмыстарды қолға алу керек. БҰҰ аясында 2026 жылы елімізде Аймақтық климаттық саммит өтеді. Саммит климаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруге елеулі үлес қосатынына сенімдімін», — деді Мемлекет басшысы.

## ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУІМІЗ ҚАЖЕТ

Жиында көптеген мәселеге тоқталған ел Президенті түрлі салада еңбек етіп жүрген еңбек адамының мәртебесін көтеру мәселесіне де тоқталды.

«Мен еңбек адамының мәртебесін көтеру туралы үнемі айтып жүрмін. Өткен бес жылдың ішінде бұл бағытта көп шаруа атқарылды. Тиісті заңдарға өзгерістер енгізілді. Жалақы көтерілді. Басқа да әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынды. Мемлекеттік марапаттар нағыз еңбек адамына тапсырылып жатыр. Осындай нақты жұмыстың нәтижесінде түрлі мамандық иелерінің беделі арта түсті. Біз ғалымдарға жағдай жасау керек деп жиі айтамыз. Бұл — құр сөз емес. Мемлекет тарапынан нақты жұмыс істеліп жатыр. Алдағы екі жылда жас ғалымдардың зерттеуіне бөлінетін грант саны тағы да көбейеді. Бюджеттен 18 миллиард теңге бөлінеді. Былтыр 284 жас ғалым баспаға алды. Биыл менің тапсырмамен оларға тағы 200 пәтер берілетін болды. Осындай нақты шаралар арқылы еліміздегі ғылымды және жалпы ғалымдар қауымын қолдау жұмысы алдағы уақытта да жалғасын табады», — деді Мемлекет басшысы.

Маңызды жиында сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Ұлттық ғылым академиясы жанындағы Жас ғалымдар кеңесі төрағасының орынбасары Шахислам Лайсханов сөз сөйледі.

Шара соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жас ғалымдарға әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету — мемлекеттің міндеті екенін атап өтіп, ғылымның түрлі саласында еселі еңбек етіп жүрген бірнеше азаматқа салтанатты түрде пәтер сертификаттарын табыстады.





## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАҒДАТ ТЕЛТАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жолқұрылысы және жол жабындылары механикасын зерттеуші ғалым Бағдат Телтаевпен кездесті.**

Жүздесуде Алматы қаласындағы және еліміздегі жол инфрақұрылымын дамыту перспективалары, инновациялық технологияларды енгізу және аталған салаға маман даярлау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысына қалалардың қарқынды дамуына байланысты туындаған, көлік инфрақұрылымына айтарлықтай салмақ түсіретін басты проблемалар мен сын-қатерлер туралы мәлімет беріліп, оларды шешу жолдары жөнінде баяндалды.

Атап айтқанда, Бағдат Телтаев жол құрылысына құрамында полимер қосын-

дылары бар асфальтбетон қолдану тәжірибесінің сәтті өткенін жеткізді. Жүргізілген сынақ нәтижесінде аталған технология жолдың ойылуына және жарықшақтардың пайда болуына, сондай-ақ тағы да басқа климаттық әсерлерге төзімді екені анықталды.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саланы дамытуға қосқан үлесі үшін Бағдат Телтаевқа ризашылығын білдіріп, жол инфрақұрылымының сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту үшін ғылыми зерттеулерді жалғастырудың және жол құрылысына озық технологияларды енгізудің маңызды екеніне назар аударды. Айтылған ұсыныстар негізінде Үкіметке және салалық министрлікке тиісті тапсырмалар берілді.



## ШАҒАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

**Мемлекет басшысы эколог, ECO Network жобасының жетекшісі Евгений Мұхамеджановты қабылдады.**

Кездесу барысында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған орта проблемаларын шешу ісіне азаматтарды, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті кеңінен тарту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Евгений Мұхамеджановтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ECO Network жобасын оң бағалады. Мемлекет басшысы, ең алдымен, адамның мәдениетін, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастыруды, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды бөлек сұрыптау және қайта өндеуді көздейтін «Экохаб», «Жасыл кеңсе», «Жасыл мектеп» бағыттары эко-мәдениетті дәріптеудің тиімді тетігі ретінде

жаппай таратуға лайық тәжірибе екенін атап өтті.

Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, қазірдің өзінде ECO Network жобасына Қазақстан бойынша жүздеген компания мен оқу орындары қосылған. Олар бизнес процестеріне экостандарттарды енгізіп, экономиканы декарбонизациялау үдерісіне елеулі үлес қосып жатыр. Президент экологтың бастамалары жалпұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиясымен үндес екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Евгений Мұхамеджановтың «Жасыл Алматы» жобалық кеңсесінің жетекшісі ретінде шаһардың экологиялық мәселелерін шешудің тиімді әрі креативті тәсілдерін жүзеге асыратынына сенім білдірді.

## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ВАВЬЕРНИАМЕН КЕЗДЕСТІ



**Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының Тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниамен кездесті. Онда тараптар Қазақстанның БҰҰ-мен ынтымақтастық мәселелерін және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге арналған бірлескен жобаларды талқылады.**

Палата Спикері Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтымақтастықты нығайту Қазақстанның сыртқы саясатындағы маңызды бағыт екенін айтты. Өткен 30 жылдың ішінде нәтижелі екіжақты байланыс орнап, берік серіктестік қалыптасты. Сол арқылы бірқатар келісімге қол жеткізілді.

Кездесуде тараптар бірлескен жұмыс арқылы ОДМ қағидасын және 2021-2025 жылдарға арналған Елдік бағдарламаны іске асыру мәселелеріне айрықша назар аударды. Мәулен Әшімбаев Қазақстан Президенті орнықты даму бағытына баса мән беретінін атап өтті. Соған сәйкес аталған салада оң өзгерістерді көздейтін жүйелі шаралар қабылданып, кешенді жобалар әзірленіп жатыр.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Саммитінде сөйлеген сөзінде орнықты даму мақсаттарын іске асыру біздің мемлекет үшін ұлттық басымдық екенін атап өтті. Осыған байланысты көзделген нәтижелерге қол жеткізу үшін елімізде

мақсатты шаралар қабылданып жатыр. Бұл жұмысқа Парламент депутаттары да белсенді қатысуда. Соның аясында былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасымен орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия құрылды», – деді палата Төрағасы.

Сұхбат барысында аталған Парламенттік комиссия қызметінің нәтижелері де сөз болды. Сондай-ақ әзірленіп жатқан жобалар, оның ішінде Сенаттың Қоғамдық жобалық кеңсесі, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысының әкімдігі бірлесіп қолға алған акселератордың маңызы талқыланды.

Катаржина Вавьерниа БҰҰДБ орнықты даму мақсаттарын іске асыруда және оның өсу қарқынын қолдау бағытында Қазақстанмен ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін айтты. Сондай-ақ ол институттармен және мүдделі тараптармен байланыс орнатуға ашық екенін жеткізді.

## ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ

**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.**



Депутаттардың талқылауына Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері ұсынылады.

Сонымен қатар Мәжілістің күн тәртібінің жобасында Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасындағы мәдени орталықтарды өзара құру

бойынша келісімді ратификациялау туралы заң жобасы бар. Құжат екі елдің мемлекет басшылары Қытай мен Қазақстанда теңдестірілген негізде мәдени орталықтар құру туралы уағдаластығы аясында әзірленді. Ол достық қатынастарды дамытуға, мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты арттыруға бағытталған.

## САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША КЕРІ БАЙЛАНЫС ҚҰРЫЛДЫ

**Telegram мобильді қосымшасында нақты уақыт режимінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымданудың жаңа тетігі енгізілді. «EgovKzBot2.0» бот-платформасы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша шағым беруге, бюрократияны азайту және бизнес-процестерді оңтайландыру жөнінде ұсыныс жолдауға болады.**

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі азаматтарға арналған осы функцияны енгізуге бастамашы және әзірлеуші болды.

Ынғайлы интерфейс бар функцияны қолдану арнайы дағдыларды талап етпейді. Енді мемлекеттік қызметтерді алу кезінде күрделі мәселелер туындаған жағдайда азаматтар «EgovKzBot2.0» Telegram-ботына мемлекеттік қызметті беруші меке-

менің деректерін енгізіп, өз пікірлері мен ұсыныстарын немесе шағымдарын жібере алады. Мемлекеттік қызметті алу барысында артық құжаттарды талап ету, негізсіз бас тарту немесе уақытылы қызмет көрсетпеу және басқа да фактілер бойынша өтініш жіберуге болады.

Барлық келіп түскен шағым мен ұсынысты жауапты тұлғалар қарастырып, кері байланысты қамтамасыз ету арқылы мәселелерді қысқа мерзімде шешеді.



# ДУБІРЛІ ДОДАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

**«AMANAT» партиясы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Miras республикалық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыста екі түрлі маңызды мәселе талқыға түсті.**

Басқосуда алдымен осы жылдың 8-14 қыркүйегі аралығында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының дайындық барысы мен іс-шара жоспарларының орындалу жайы сөз болды. Одан соң «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасының Жол картасында көрсетілген мәдениет және архив ісі саласы қызметкерлерінің жалақысын екі есеге ұлғайту мәселесіне байланысты ұсынымдар мен пікірлер тыңдалып, тиісті тұлғалар жауап берді.

Кеңес төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей назарындағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының маңызына тоқталды.

«Бұл дүбірлі дода – біздің мемлекетіміз үшін де, Қазақстан халқы үшін де аса маңызды шара. Сонымен бірге біздің ұлттық спортымызға тигізер үлесі де зор болмақ. Өздерін көшпелілердің ұрпағы санайтын кез келген ұлт көз тіккен бәсекені жоғары деңгейде өткізу – баршамызға міндет. Сондай-ақ түбі бір түркі көшпенді халықтардың мәдени-рухани жақындасуына септігін тигізіп, ынтымақтастығын арттыра түсері сөзсіз. Сондай-ақ елімізді әлемге әйгілеудің тағы бір орайы туды деп түсінеміз. Түркі мен қазақты бөліп қарауға болмайды, сондықтан көшпенділер ойыны біз үшін, болашақ ұрпақ



үшін де бабалар аманатының жаңғыруы ретінде бағалануы тиіс», – деді ол.

Шынымен де, байрақты бәсекеден күтер үміт зор. Осымен 5-ші рет ұйымдастырылғалы отырған дода негізгі 3 бағыт – спорт, мәдениет, ғылым бойынша жүзеге аспақ.

Жалпы, шараның ұйымдастырылуы мен оның ерекшеліктері туралы баяндаған Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жараспаев қазірдің өзінде 84 ел қатысуға өтінім беріп үлгерді деп отыр.

«Қазір ұйымдастыру жұмыстары пысықталу үстінде. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу үшін мемлекеттен тиісті қаражат бөлінуде. Соған сәйкес ауқымды шараны ұйымдастыру мақсатында елордада ешқандай да жана спорттық кешен салынбайды. Бізде бұрыннан бар мәдени спорттық кешендер жеткілікті. Сондықтан барлық шаралар кестесі белгіленген 7 нысанда алдын ала жоспар-

ланып Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп отырып пысықталуда», – деді ол.

Белгілі болғандай, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 85 елден келетін спортшылар барлығы 21 спорт түрінен бақ сынасады деп күтілуде. Одан бөлек, 150-ден артық мәдени іс-шара ұйымдастырылып, 100 мыңнан артық туриске қызмет көрсетілмек екен. Вице-министрдің сөзінше, Астанада жүзге тарта киіз үй тігілген этноауыл жүйесі құрылмақ. Мұнда ұлттымыздың салт-дәстүрі мен мәдени өмірі қонақтарға насихатталады.

Ал отырыстың келесі маңызды тақырыбы болып белгіленген «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасының Жол картасында көрсетілген мәдениет және архив ісі саласы қызметкерлерінің жалақысын екі есеге ұлғайту мәселесіне ойысқан депутаттар мәдениетіміздің мәйегі болған

бұл саланы назардан еш уақытта шығаруға болмайтынын баса айтты.

Бұл тұрғыда Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан біршама кемшіліктердің орнын толтыру керектігі турасында сөз қозғалды.

«Біздің елде мәдениет пен мұрағат саласының қызметкерлері шынымен айтқанда қолдауға зәру. Себебі олардың жасап отырған жұмыстары мен ғылыми ізденістері алып отырған жалақысына сай емес», – деді депутат.

Сала қызметкерлерін мемлекеттік тұрғыда ынталандыру. «AMANAT» партиясы тарапынан да қолдаудың бар екендігі жасырын емес. Өңірдегі сала мамандарының жалақысын ұлғайту туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив құжаттама, кітап ісі комитетінің төрағасы Рүстем Әли айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сай 2022-2025 жылға дейін аталған сала мамандарының жалақысын жыл сайын 20 пайызға ұлғайту бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Қазір мамандар 225 мың теңге көлемінде жалақымен қамтылды. «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасында бекітілген қағида бойынша келесі жылы қызметкерлердің жалақысы тағы екі есеге дейін ұлғайтылатын болады», – деді ол.

Демек, бұл – мемлекеттің бекіткен жоспарына сай мәдениет саласы мен мұрағат қызметкерлерінің еңбегіне сай ескерулер занда қаралып, алдағы уақытта сала мамандарының жалақысы жоғарлайды деген сөз.

Отырысты қорытындылаған кеңес төрағасы Аманжол Әлтай Мәжілісте көтерілген барлық мәселе тиісті мекемелерге міндетті түрде жеткізілетінін айтты.



## «АЛЖИР» КЕШЕНІНЕ ГҮЛ ҚОЙДЫ

**Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, партияның «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Ескендірова, партия мүшелері және белсенділерімен бірге «АЛЖИР» мемориалдық-мұражай кешеніндегі еске алу қабырғасына гүл шоғын қойды.**

Рәсімге қатысушылар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Өздеріңіз білетіндей, елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, былтыр аталған комиссия өз жұмысын аяқтаған еді. Комиссияның қызметі XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік берді. Саяси қуғын-сүргінге қатысты зерттеу жұмысын Президент тапсырмасымен құрылған XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы ары қарай жалғастыруда. Тарихи әділдікті қалпына келтіруге бағытталған ауқымды жұмысқа «AMANAT» партиясы да белсенді атсалысып келеді.

Арнайы рәсімнен соң қуғын-сүргінге ұшырағандардың рухына арнап құран бағышталды.

Еске сала кетейік, 1997 жылдан бері Қазақстанда 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде атап өтіледі.

## АУЫЛДАРДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Берік Бейсенғалиевтің төрағалығымен партия жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру мәселелері қаралды.**

Отырысқа «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, бірқатар ведомстволардың вице-министрлері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, республикалық кеңестің мүшелері мен өңірлік кеңестердің төрағалары, партияның өңірлік филиалдары басшылары, облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

«Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру міндеті – «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтардың бірі. Кеңес төрағасы Берік Бейсенғалиев жобаның негізгі мақсатын айта келе, бүгінге дейін атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

«2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл – ел бесігі» жобасын әрі қарай жалғастырамыз» деп атап өтті. Сол тапсырмаларды орындау мақсатында соңғы бес жылда «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыру аясында тек республикалық бюджеттен 524 млрд теңге бөлініп, 5 400-ден астам жоба жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты – инфрақұрылымды жаңғырту, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту», – деді ол.

Жиын басында Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков ауылдардың бүгінгі ахуалы туралы баяндады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 6 256 ауыл бар. Әдістемеге сәйкес, даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл (1,2 мың тірек ауыл және 2,3 мың спутниктік ауыл) іріктеліп алынды, онда ауыл тұрғындарының 93%-ы тұрады.

«Биыл ауылдардағы әлеуметтік, инженерлік, көліктік инфрақұрылымды дамытуға республикалық бюджеттен 404,8 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 425 млрд теңге, басқа да көздерден 20 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын интеграциялау жұмыстары жүргізілуде», – деді ол.



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Юлия Кучинская жоба аясында атқарылып жатқан жұмыстардың кейбірін сынға алып, әсіресе жоспарлау мәселесінде дұрыс жүйенің жоқтығын айтты.

«Бұл мәселелер кеңестің алаңында бірнеше рет талқыланды және айтылған ұсыныстарға қарамастан, екі жылдан кейін де жағдай өзгеріссіз қалып отыр. Меніңше, жоспарлау мәселесі – осы жобаны жүзеге асырудағы ең өзекті проблемалардың бірі. Адамдарды оңтүстіктен солтүстікке көшіру саясатында да олқылықтар байқалады. Өмір сүру жағдайы өте қиын: медициналық қызметтер қолжетімді емес, білім сапасы төмен, интернет жоқ, жол жоқ, облыстық ауруханаға жету мүмкін емес. 2019 жылдан бері, қанша ауыл толығымен жаңартылды және олар барлық стандарттарға сәйкес келе ме? Өкінішке қарай, мен нақты сандарды көрмедім», – деді депутат.

Сондай-ақ отырыс соңында су тасқынын зардап шеккен өңірлердің қазіргі ахуалы талқыланды. Өкінішке қарай, кейбір елді мекендерде әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Мәселен, Қостанай облысындағы бірнеше ауыл табиғи апат салдарынан әлі күнге дейін жарықсыз отыр. Облыс әкімдігі алдағы 10 күннің ішінде Жангелді ауданындағы Ақкөл және Ахмет Байтұрсынұлы ауылдарына электр қуаты берілетінін мәлімдеді.





## ТАРАЗЫ БАСЫН ТЕҢ ҰСТАҒАН

Әрине, Қазақстан Президентінің мақаласы ағылшын тілінде жазылғандықтан, «орта державалар» ұғымы middle powers деп берілген. Тікелей аудармасы «ортаңғы күштер» деген сөз. Расында да, әлемнің түрлі аймағының дамуына осы күштердің көп ықпал ететіні байқалып жүр. Сондықтан Қазақстан Президенті орта державалардың адамзат тағдырына әсер ететіні емеурінмен жеткізді.

Сарапшылар орта державалар тобына кіретін елдерді түрлі критерийлер бойынша анықтап жатады. Біз де мамандардан жөн сұрап, пікірін білдік.



**Самат НҰРТАЕВ,**  
Мәжіліс депутаты,  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшесі:

— Менің ойымша, орта держава дегеніміз — ядролық

каруы жоқ, бірақ нақты бір өңірде беделі зор, абыройы жоғары мемлекет. Айталық, Сингапур өз аймағында өте беделді ел. Айналасында Тайланд, Малайзия, Индонезия, Вьетнам тәрізді мемлекеттер бар. Олардың барлығы жер көлемі Сингапурдан үлкен, алайда экономика жағынан Сингапурдың бәсі жоғары. Сондықтан айналасындағы мемлекеттер Сингапурдың ішкі-сыртқы саясатына, экономикасына назар аударып отырады. Осы елдің ұстанымымен санасады. Сол сияқты Орталық Америкада Мексика бар. Бұл ел Солтүстік және Оңтүстік Американы қоспай, сол өңірді ғана есепке алсақ, аймақта көшбасшы болып отыр. Сальвадор, Коста-Рика, Куба, Панама, Ямайка сияқты елдер Мексикамен санасады. Сол сияқты Қазақстан — Орталық Азияда ең беделді мемлекет. Қазақстанның беделді болуына бірнеше фактор әсер етеді. Ең алдымен жер көлемінің үлкендігі тұр. Әлемдегі екі супердержавамен шекараласуы, Президентіміздің белсенді сыртқы саясат жүргізуі өз әсерін тигізіп жатыр деп ойлаймын. Әу бастан солай еді. Орталық Азия елдерінің ішінде сыртқы қарым-қатынаста ең белсенді болғаны және әлі де сол позициясын сақтап қалған мемлекет — Қазақстан. Біздің ел көптеген ұйымның құрылуында бастамашыл топтың қатарында болды.

Біз түрлі платформаны, диалог алаңдарын ұсындық. Белсендіміз. Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясатта көпжақты қарым-қатынасқа назар аударып келеді. Президенттің түрлі халықаралық жиынға қатысуы, шетелдерге сапары Қазақстанға қатысты оң көзқарасты қалыптастырады. Демократиялық процестері тереңдеген, жаналыққа құмар, экономикасы дамып жатқан ел ретінде бағалайды. Middle powers ұғымын әдетте сарапшылар жиі талқылайтындықтан, Президенттің әр мәлімдемесі, пікірі, айтқан дерегі ескеріледі. Инвестициялық климаты жақсы, либералды құндылықтарға оң көзқарас қалыптасқан, өлім жазасын түбегейлі алып тастаған, президенттің қызмет ету мерзімі бір ретпен шектелген ел деп таниды. Оған айналудағы қақтығыстарды реттеуге деген ұмтылысымызды қосыңыз. Ауғанстанды тұрақтандыру, Әзербайжан мен Армения арасындағы шиеленісті шешу, Сириядағы күштерге диалог алаңын ұсыну тәрізді бастамаларымыз әлбетте назардан тыс қалмайды. Орталық Азия елдерінің халықаралық мәселелерде бір позицияда болу бастамасын да Қазақстан көтерді өрі көршілер осы ұсынысқа келісті. Іс жүзінде аймақта көшбасшы дәрежесіне жеттік. Сондықтан сарапшылар бізді орта державалардың қатарына қосып отыр. Меніңше, біз оған лайықпыз. Ал супердержавалар деп көп жағдайда ядролық қаруы бар елдер аталып жүр.



**Айдар ҚҰРМАШЕВ,**  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бөлім жетекшісі:

— Әлемдік сахнада қандай да бір мемлекеттің статусы

немесе рөлі жөніндегі түсініктің маңызы зор болады. Дегенмен «шағын», «орта» немесе «ірі» держава ұғымдарының арасындағы айырмашылықты сипаттайтын нақты ғылыми пайым жоқ.

Халықаралық қатынастардағы көпшілік қабылдаған көзқарастар қандай да бір мемлекетті белгілі бір санатқа енгізуге мүмкіндік береді. Сөйте тұра, технологиялық прогресс пен заманауи экономиканың қарқынды дамуы мемлекеттерді санатқа

бөлудің өзін шарттылыққа айналдыра бастады.

Сонғы он шақты жылда ірі державалар қатарына кірмегенмен, Оңтүстік Корея, Түркия, Израиль, Индонезия қатарлы мемлекеттер халықаралық сахнада маңызды, тіпті кейде шешуші рөл ойнай бастады.

Осыған байланысты ғалымдар мемлекеттердің шағын, орташа және ірі екенін анықтайтын санаттар тобының критерийлеріне қатысты түрлі теория ұсынып жүр. Бұл теорияларға сәйкес көрсеткіштер елдердің сыртқы әсерлерге төтеп беруінен, халықаралық жағдайға ықпал етуінен, сөйте тұра өзінің ұлттық мүдделерін қорғауы мен ілгерілетуінен көрініс табатынын атап өткен жөн.

Зерттеушілер бірінші кезекте орташа державалардың аймақ дамуына әсер етуге қажет жеткілікті мөлшерде экономикалық және әскери әлеуетке ие екенін атайды. Олар біршама экономикалық автономияға ие және өз ресурстарын, инвестициялық саясаты мен сауда-саттықты стратегиялық тұрғыда қолдану арқылы халықаралық трендтерге ықпал етуге қауқарлы келеді. Орта державалар экономикалық интеграция және кооперация идеясын жүргізу арқылы аймақтық блоктар мен халықаралық сауда келісімдерінде шешуші рөл ойнайды. Олар халықаралық институттар жұмысына белсене қатысып, сол институттарды басқара жүріп, тұрақты даму мен халықаралық қауіпсіздікті сақтауға ықпал ету бойынша күн тәртібін ұсынады.

Әдетте мұндай мемлекеттер халықаралық шиеленістер кезінде диалог үшін платформа ұсынып, дау-дамайды бейбіт жолмен шешуге ықпал ететін ара ағайын рөлін жиі атқарады.

Бір сөзбен айтқанда, орта державалардың сыртқы саясаты әдетте таразы басын тең ұстаумен, халықаралық мәселелерді шешуге конструктивті ұстанымымен ерекшеленеді. Бұл елдер өз аймақтарында халықаралық қатынастарда тұрақтандырушы элемент ретінде әрекет етіп, серіктестік байланыстарды сақтауға ұмтылады.

Қазақстанды орта держава ретінде танытып отырған шешуші параметр ретінде экономикалық өсім көрсеткіші, сыртқы саясаттағы белсенділігі, сонымен қатар қауіпсіздік негіздерін нығайтуы деп білемін. Экономикалық өсімді талдайтын болсақ, Дүниежүзілік банктің 2022 жылғы деректері бойынша Қазақстанның жалпы ішкі өнімі сатып алу қабілеті паритеті бойынша 11 492 долларға жетті. Әлемде бұл көрсеткіш орташа алғанда 12 684 доллар болды. Ал Қазақстанның жалпы ұлттық өнімі 2022 жылы 215 млрд 975 млн доллар болды.

Қазақстанның ішкі саясаты да орта державалар үшін маңызды аспект болып саналатын тұрақты дамуға ұмтылыспен ерекшеленеді. Ел басшылығы мемлекет басқаруда, сайлау процесінде, сот-құқы жүйесінде және азаматтық қоғамда жүйелік реформа жүргізіп жатыр. Бұл өз кезегінде тұрақты әлеуметтік-экономикалық және саяси орта қалыптастырады.

Сыртқы саясатқа келсек, Қазақстан орта мемлекеттер қатарына кіруге қажет барлық сипатқа ие. Халықаралық қауымдастықта сенімді серіктес бола отырып, Қазақстан өз көршілерімен байланыс тенгерімін сақтап, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға атсалысып келеді.

Біздің ел қақтығысып жатқан мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау саясатын ұстанады, сондықтан халықаралық дауларды шешуде әділ болуға ұмтылады.

Сонымен қатар еліміз халықаралық бітімгерлік миссиялар мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған аймақтық бастамаларға белсене қатысады. 2024 жылы Қазақстан әскерилері БҰҰ-ның Таяу Шығыс пен Судандағы миссияларына қатысты. Еліміз сонымен қатар халықаралық терроризммен, экстремизммен және ұйымдасқан қылмыспен күресуге де өз үлесін қосып келеді. Бұл бағыттағы нәтижелі жұмыстар ұлттық қана емес, аймақтық қауіпсіздікті де нығайта түседі.

А. ҚҰРМЕТ

euro  
news.

**Апта басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Euro-news-те жарияланған «Орта державалар мультилатерализмді сақтауға қабілетті» дейтін мақаласы соңғы жылдары жиі айтыла бастаған орта державалар ұғымының төңірегінде өрбиді. Мақалада осынау топқа кіретін мемлекеттердің мүмкіндіктері мен жауапкершілігі сипатталған. Әрі Қазақстанның жаһандық саясаттағы ұстанымы мен орнын көрсетті. Сарапшылардың елімізді «орта держава» қатарына қоса бастауы мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатының дұрыс бағытта екенін көрсететін болса керек.**

Биыл ақпанда Германияның Stiftung Wissenschaft und Politik Халықаралық және қауіпсіздік мәселелері институты Қазақстанды middle powers — «орта державалар» тобына қосты. Әзірге сарапшылар тобы «орта державалар» ұғымының бірзиді анықтамасын бере алған жоқ. Түрлі көзқарас бар. Кейбір тізімде 50-ден астам мемлекет жүр. Соның ішінде Солтүстік Корея тәрізді елдер де тізімге енгізілген. Дегенмен көп жағдайда Канада, Бразилия, Аустрия, Аустралия, Швейцария, Түркия, Индонезия, Мысыр, Сауд Арабиясы қатарлы елдерді де осы топтан көруге болады. Бұлар белгілі бір ықпалы бар, даму қарқыны жақсы, аймақтық мәселелерді шешуде төңіректегі елдер санасуға мәжбүр болатын мемлекеттер. Мұндай мемлекеттер өздері ғана емес, тұтас аймақтың дамуына, түрлі мәселенің шешілуіне ықпал етеді. Кейде супердержавалардың белгілі бір геосаяси ойындарын тежеуі де мүмкін. Әлбетте, тізе қоса қимылдаса ғана.



Мемлекеттік комиссияның басты міндеті — кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру болды. Сол мақсатта ең алдымен, зерттеу-іздеу және жинақтау-талдау жұмыстарына баса мән берілді. Оның қызметін үйлестіру үшін Жобалық кеңсе құрылып, құрамына ғалымдар, зерттеушілер және мемлекеттік органдардың өкілдері кірді. Түрлі санаттағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын қамту үшін нақты тақырыптар бойынша бөлінген үш ғылыми топ жасакталды. Әр өңірде аймақтық комиссия құрылды. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстарымен айналысқан осы Мемлекеттік комиссия құрамында 425 ғалым мен зерттеуші еңбек етті. Олардың 260-тан астамы — аймақтық комиссия мамандары. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі 60-тан астам мемлекеттік және ведомстволық архивте сақталған құжаттарды зерделеген ғалымдардың үш жылдық еңбегінің арқасында 2,6 миллионнан астам құжат пен материалдан құпия белгісі алынып тасталды. Мемлекеттік комиссия саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 311 мыңнан астам адамды ақтау үшін қолданыстағы заңнама аясында нақты жұмыс жүргізді. Оның қорытындысын ғылыми тұрғыда рәсімдеу үшін жиналған материалдардың 72 томдық жинағы бір сериямен әзірленді.

Бүгінде комиссияның жұмысын Президент тапсырмасымен құрылған XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы жалғастырып жатыр. Бұл орталыққа арнаулы мемлекеттік архивтерден репрессия құрбандарына қатысты 688 мыңнан астам іс және 48 мыңға жуық есепке алу карточкасы берілген. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін туралы бұл құжаттар цифрлы форматқа көшіріліп, электронды қор қалыптастырылмақ. Оның бәрі ғалымдарға, зерттеушілерге және қалың көпшілікке қолжетімді болады. Былайша айтқанда, бұл тек қана бірінші кезең деуге болады. Одан кейінгі кезекте жинақталған материалдар сараптталып, оқулықтар, кинофильмдер түсірілді. «Оян, Қазақ!», «Соңғы үкім» сынды көптеген көркем фильм — соның заңды нәтижесі. Қазақстан тарихының көптомдық академиялық жинағы әзірленіп жатқаны тағы бар. Бұл жұмыстар өткеннің ақиқатын жақын танып, халқы үшін құрбан болған арыстарымызды ұлықтауға және жазықсыз зардап шеккен азаматтарды ұмытпауға ықпал етері сөзсіз.

#### ПАРЛАМЕНТ ДЕНГЕЙІНДЕ БЕКІТУ ҚАЖЕТ

XX ғасырдың бірінші жартысында халқымыз өз тарихындағы аса ауыр оқиғаларды басынан өткерді. Миллиондаған адам қуғын-сүргін және ашаршылық жылдарының тауқыметін тартты. Тарихи зұлмат бұрынғы одаққа қараған социалистік елдердің барлығында да болғаны рас. Сол себепті оны зерттеу әлі де болса жалғаса бермек. Десе де, мамандардың пікірінше, нәубетті жылдардың тарихи бағасы өз денгейінде берілмей келеді.

«Мемлекеттік комиссия біршама көп жұмыс істеді. Ендігі кезекте осы жасалған жұмыстардың өз қорытындысын дұрыстап шығару керек. «Немен аяқталды?», «Қандай жаңа деректер табылды?», «Қандай тұжырым жасалды?». Соны халыққа жария ету керек. Осы уақытқа дейін жасалған жұмысты



## КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ АЯҚТАЛҒАНЫМЕН,

Нұрлан ҚОСАЙ

**31** мамыр — Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Қазақ қоғамы үшін қасіретті жылдардың азалы күндерін еске алып, тарихқа төу етіп, арыстарды ұлықтайтын күн. Десе де, саяси қуғын-сүргіннің ашылмаған ақтаңдақтары әлі жетерлік. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жылдың 24 қарашасында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау комиссиясы құрылып, үш жыл бойы жұмыс істеген еді.



дұрыстап аяқтап, нақты тұжырымын шығарса, соның өзі жаман болмас еді. Осы тұрғыдан алғанда саяси репрессияға байланысты Совет үкіметі мен Коммунистік партияның қызметіне баға беру керек. Оның себептері мен салдары ашылып айтылу қажет. Оны мүмкін болса, Парламентте талқыға салып, бекіту керек. «Мұндай саясатты жүргізген қандай жүйе?», «Соншалықты залалды саясатты неге жүргізген?» деген сұрақтардың нақты жауабы берілуі қажет. Сол халыққа жария етілуге тиіс. Міне, сонда ғана оның тарихи бағасын өз денгейінде бере аламыз», — дейді Мемлекеттік комиссияның мүшесі, тарихшы-профессор Мәмбет Койгелді.

Оның айтуынша, репрессияның ашылмай жүрген бір бағыты — ғалымдардың қуда-

астам лагері орналасқан. Десе де, бұл тек осы уақытқа дейін белгілі болып отырғандары ғана.

«Президенттің Жарлығымен құрылған комиссия үш жылда көп жұмыс атқарды. Біздің тарихшы ғалымдар суыққа да, ыстыққа да қарамай жұмыс істеді. Оның нәтижесін, міне, көріп-біліп отырмыз. Бірақ мұнымен жұмыс тоқтап қалмауға тиіс. Өйткені 70 жылда Совет халқына жасалған репрессия, идеологиялық шектеу, түрмеге қамау, ату сынды зұлматтың ауқы-



## МИССИЯ ЖАЛҒАСАДЫ



лануы. Кеңестік билік оларды ғалым ретінде емес, саяси көзқарастары үшін қудалады. Осылайша, енді-енді қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының миссиясы өзгерді. Қазақ қоғамының қандай бағытта даму керектігін айтып жүрген олар бұл міндеттен біржолата шеттетілді. Ал шеттетілмегеніне тек қана орындаушылық міндет жүктелді. Осылайша, Қазақ елі өз тарихында кеңестік көшке ілесіп кете барды. Ұлттық сабақтастық үзіліп, интернационалды және таптық идеология алға шықты. Ендеше осы тұстағы тарихи объективтілікті зерделеп, белгілі бір тұжырымды бағасын беру уақыт еншісіндегі мәселе болып қалып отыр.

#### РЕПРЕССИЯНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ ИДЕОЛОГИЯДА ЖАТЫР

31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде 1997 жылдан бастап атап өтіліп келеді. Өйткені сол жыл — «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жарияланған болатын. Содан бері мұндағы жұмыстар үздіксіз жалғасып келеді. Осы тұста, бұл зұлматқа Кеңес Одағы құрамында болған барлық халық пен ұлттардың бетке ұстар интеллигенция өкілдері ұшырағанын айта кету керек. Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударылып келген. Осы қуғын-сүргін жылдарында Кеңес Одағы бойынша 953 лагер болған екен. Қазақстанда ГУЛАГ-тың 20-дан

мы тым көлемді. Одан кейін НКВД дегеніміз қылмыскер мекеме ғой, олар өздері істеген қылмыстарын көбінесе жасыра білген. Отызыншы жылдары өздерінің қаулыларын өртеп-өшіріп, ізін бір жасырса, 56-шы жылдардағы жылымықта тағы да сезіктеніп, көптеген құжатты жойып отырған. Ал 90-шы жылдары Одақ ыдырағанда тағы да соңғы мүмкіндікті пайдаланып, маңызды құжаттарды жоқ қылып жіберген. Бірақ қанша жасырса да Қазақстанда жоқ құжаттар Мәскеуден, болмаса, басқа да көршілес республикалардан шығып жатыр. Дегенмен оларды табу қиын болып тұр. Сондықтан ол қылмыстардың ауқымын ашу үшін әлі де болса көп жұмыс істелуі керек», — дейді Мемлекеттік комиссияның мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяған.

Оның айтуынша, Қазақстанда қанша лагер болғаны жөнінде де нақты деректер жоқ. Бәрінің ауызында жүрген Карлаг пен АЛЖИР болса, онда 26 лагер болған делінеді. Ал тарих-

шы ғалымның өзі тапқан қағаздар бойынша, олардың саны 48-ге жетіп қалуы мүмкін екен. Яки, кезінде зұлмат жасағандар кез келген ауылдан лагерь аша берген. Әсіресе, ұжымдастыру кезінде түрмелерде орын болмағандықтан, әр ауылдың маңынан жерді қазып, айналасын тікенек сымдармен қоршап, қарулы күзет қойып, ашық аспан астында түрме жасаған. Немесе мал қамаған қораларды да осындай мақсатқа пайдаланған. Байлардың малын тартып алып, өздерін осындай далалық лагерлерге тоғытқан. Тұтқындарды аш ұстап, азаптаған. Мұндай уақытта лагерлер алты ай, бір жыл жұмыс істеген. Мәселен, Зерендінің жанында, Ақмоланың маңайында, Шалқар көтерілісі, Ырғыз көтерілісінен кейін Ақтөбе жағында осындай лагерлер болған. Бұл тақырып бөлек зерттеуді қажет етеді.

«Біз репрессияның шығу себебін зерттегенімізде, оның түпкі негізі большевиктердің идеологиясында екенін түсіндік. Олар марксизм-ленинизм ілімін таңдаған. Әсіресе, Маркстің «таптық күрес қоғамды дамытады» деген тұжырымын басшылыққа алды. Содан келіп «коммунистік қоғам құрамыз» деп қолдарынан келмейтін іске ұмтылды. «Халық жауы» деген ұғымды енгізді. Жекеменшікті жойып отырды. Ал шындығында, большевиктердің көбі сонау Лениннен бастап білімсіз болған. Арғы түбі түрмеден шыққан, өзара «кличкамен» жүрген радикалды топ, сәті туып билікті басып алған. Содан өздерінің ұсынатын ештенесі болмағандықтан, Маркстің еңбектерін іздеген. Сөйтіп, оның 1848 жылы шыққан «Коммунистік партияның манифестін» тауып алады. Сол еңбектен «халық жауы», «коммунистік қоғам», «пролетариат диктатурасы» деген «керемет жаңалықтарды» ашты. «Пролетариат диктатурасы» дегеніміз — жұмысшы табының үстемдігі. Міне олар осылайша таптық үстемдікке негізделген идеологияны жүзеге асыра бастады. Ал шындығында, мемлекетте тек қана заң үстемдік ету керек. Өйткені бір тараптың үстемдігі трагедияға алып келеді», — дейді Мемлекет тарихы институтының директорының орынбасары Бүркітбай Аяған.

Осылайша, коммунизм құрамыз деген ұранмен бұрқамеленген олар бұратана халықтың ұлттық кодын жою, зиялыларын қудалау, таптық алауыздық тудыру арқылы жаппай репрессияға жол берген. Оның салдарын біз әлі күнге дейін тартып келеміз. Сондықтан да саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып қана емес, оларды ақтау жұмыстары да одан әрі жалғаса беру керек. Мұның барлығы түптеп келгенде, халқымыздың бірлігін бекемдей түсетін, бейбіт күннің қадірін арттырып, өскелең ұрпақтың отаншылдық рухын шыңдайтын қадамдар болмақ. Сол себепті бұл күнді дәріптеу, бабалар рухына тағзым ету, тарихымызды түгендеу — баршамыздың аманатты парызымыз.





Соңғы жылдары балалар арасындағы жаппай төбелеске көбіне әлеуметтік желілерде тараған бейнежазбалар арқылы куә болып жатамыз. Маңғыстауда мектеп түлектері арасындағы, Павлодардағы «Жас сарбаз» облыстық мамандандырылған әскери мектеп-лицей-интернатында болған немесе Қызылорда облысы Байқоңыр қаласында болған жасөспірімдер арасындағы төбелес секілді келеңсіздікке көз жұма қарауға болмайды. Төбелес – әуелі балалар арасындағы әлімжеттікті ушықтырып, бала психологиясының, құқығының бұзылуына алып келу қаупі бар құбылыс.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Сарапшы мамандар балалар арасындағы төбелестің өршуіне тәлім-тәрбиенің ықпалы көп екенін айтады. Сонымен қатар буыны қатып, санасы орныкпаған балалар арасындағы төбелеске кейбір қалыптасқан ұр да жық дүниетаным мен ұстаным қауесетінің де әсері көп. Кейбір әлімжеттік мәселелерді «авторитет», «абырой» ұғымында бейнелеудің де ықпалы аз емес.

— Біз кезінде үлкендерден, ата-апаларымыздан батырлар жырын, халық ауыз әдебиетінің ерлік дастандарын, ертегілерді көп тындап өстік. Ерлік, өрлік, елдік мәселелердің қалай қалыптасу керектігін санамызға халқымыздың рухани қазыналары арқылы сіңіріп өстік. Қазіргі балалар қазақтың мол рухани қазынасынан қол үзіп қалды. Оларды қолындағы телефон тәрбиелеп жатыр. Әлеуметтік желілердегі елестелмеген акпарат тасқыны бірінен кейін бірі балалардың санасына әсер етіп, тұрақты мінез-құлықтың қалыптасуына да кесірін тигізіп жатыр. Салдарынан балалар шыдамсыз, «тыз етпе», өзімдікі ғана дұрыс дейтін менмен болып өсіп келеді. Егер төбелес төркініне үңілетін болсақ, жеке адамның дүниетанымы мен ұстанымы мәселесіне жолығамыз. Әркім өзінің дұрыс санау салдарынан мұғалім, мектеп, бала, ата-ана арасындағы байланысқа белгілі бір дәрежеде сызат түсіп, бала тәрбиесін қолдан шығарып алды деп ойлаймын, — дейді Мәжіліс депутаты Данияр Қасқарауов.

Қазір балалар тәрбиесінде әлеуметтік желінің ролі басым екенін жоққа шығаруға болмайды. Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен UNICEF-пен бірлесіп жүргізілген Kazakhstan Kids Online ауқымды зерттеуі негізінде Қазақстанда балалардың интернетті пайдалануымен байланысты елеулі сын-қатерлердің бар екені анықталған. Зерттеу нәтижесінде балалардың 5%-ы желіге алғаш рет төрт жаста, кей жағдайда тіпті одан да ерте жаста кіреді. Ал 9-10 жас аралығындағы балалардың 60%-ы және 11-12 жас аралығындағы балалардың 66%-ы әлеуметтік желілер мен ойын платформаларында өз аккаунттарын ашқан. Мұндағы алаңдатарлық мәселе — балалардың 15,3%-ы күнделікті және апта сайын немесе кем дегенде айына бір рет интернетте жағымсыз контентпен бетпе-бет келу арқылы (11,7%-ы) күйзеліске ұшырайды. Бұл өз кезегінде балалар арасындағы қылмыстың артуына әсер етпей қоймайды.

Оқу ағарту министрлігі баспасөз қызметінің бізге берген мәліметіне сүйенсек, министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп білім беру ұйымдарын техникалық қауіпсіздік құралдарымен жарактандыру, нормативтік-құқықтық актілер енгізу жұмыстарын жүзеге асырып, балаларды қорғау жөніндегі кешенді жоспар және буллингке қарсы бағдарлама қабылдады. Психологиялық қызметтердің жұмысын



## ӘЛІМЖЕТТІК

## ӘЛСІЗДІК

күшейтуге басымдық беріп отыр. Сондай-ақ министрліктің мәліметінше, биылдан бастап еліміз бойынша 2 миллионға жуық оқушы «ДосболLike: достық қолын соз» акциясына қосылды.

— Бұл бағдарлама биыл наурыз айында пилоттық режимде басталды. Сәтті апробациядан өткеннен кейін «ДосболLIKE» бағдарламасын бүкіл ел аумағында кеңейту жоспарлануда. Аталған бағдарлама қауіпсіз оқу ортасын құру үшін маңызды қадам, онда әрбір бала өзін қорғалған сезініп, өсіп-өркендей алады, — дейді Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Маманның айтуынша, бағдарлама оқушылар арасында ғана емес, студенттердің жанжалдарға сындарлы жауап беру дағдыларын қалыптастыруға, балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға, тұлғааралық және топаралық қатынастарды оңтайландыруға, балалардың субъективті әл-ауқатының деңгейін арттыруға бағытталған. Дегенмен бұл бағдарламаның балалар арасындағы жаппай төбелес мәселесін азайтуға қаншалықты әсер ететінін уақыт көрсете жатар.

Қазақстанның Еңбек Ері, білікті педагог Аягүл Мирзояның айтуынша, балалар арасындағы төбелес — ең алдымен үйдегі тәрбиенің жемісі. 90-жылдардан кейін ата-аналардың балаға қарағаны уақыты болған жоқ. Тұрмыстың қамымен бала бағусыз қалған кездер болды.

— Қазір баланы еркін өсіру, бетінен қақпау, айтқанының бәрін орындау керек деген түсінік пайда болыпты. Бұл, әрине керек. Бірақ баланың бәрі туа бітті ақылды, ақ пен қараны ажырата алатын кеменгер болып тумайды. Қанмен келетін қасиет те бар. Алайда біреуге әлімжеттік көрсету — әдепсіздік, тәрбиесіздікті білдіреді деп баланың құлағына үнемі құйып отыру керек. Адамдар арасындағы мейірім, сыйластық, бір-біріне қамқор болу секілді асыл қасиеттерді бала бойына жастайынан сіңіре беру керек. Адам бойында жақсы да, жаман да мінез-құлықтың болатынын бала түйсініп, түсініп өсуі керек. Кешірімді болуды үйренуі керек. Отбасындағы тәрбиені балабақшада, мектепте жүйелі түрде сабақтастықта, жүйелі түрде, жібірн үзіп алмай жалғас-

тыра отырып, жасөспірімнің бойына еге білуіміз керек. Ата-ана, мұғалім, бала арасындағы қарым-қатынасты реттей отырып, тұлға қалыптастыруға басымдық берілуі қажет. Балаларға қатаң талап қоюдың ешбір сәтсіздігі жоқ. Әрине, баланың сөзін сөйлеп, оны қолдаудың жөні бөлек. Бірақ әр нәрсенің шегі, орны бар екенін ұмытпауымыз керек, — дейді тәжірибелі ұстаз.

Сондай-ақ Аягүл Төреқызы «Қанша жерден коммунист болсақ та, Құдай сақтасын, Құдайға тәубә» деп бір Алламызды естен шығармадық», — қазір әлеуметтік желілер арқылы жалған намысты насихаттау, ата дінге, ұлттық құндылыққа топырақ шашу етек алып кеткеніне қынжылысын білдірді.

— Қазір теріс ағымдағы уағыздардың дәурені жүріп тұрғанын өздеріңіз де білесіздер. Естіп те, көріп те жүрміз. Балаға сырттан әсер ететін күш көп болып тұр. Мұның бәрі ұлттық тәрбиені мансұқтауға дейін жетті. Қазақ «балам үйде, қылығы түзде» дейді. Сондықтан еліміздің болашағы жас буын ұрпақты қоғам болып, мемлекет болып бәріміз жұмылып елдік, мемлекеттік, ұлттық мүдде тұрғысында тәрбиелеуге атсалысуымыз керек, — деді ол.

Кейбір зерттеулерге көз жүгіртер болсақ, елімізде әрбір үшінші оқушы әлімжеттікті басынан өткергені екен. Ал мұндай мәселелерді көп жағдайда балалар ата-анасынан жасырады. Еліміздегі суицидтің өршуіне балалардың өзіне жасалған әлімжеттікті жасыруының да әсері бар екені жасырын емес.

UNICEF-тің дерегіне сәйкес, 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстан суицид статистикасы бойынша 178 елдің ішінде 19-орында тұр. 100 мың тұрғынға шаққанда 17,6 жағдайдан келеді. Ал балалық шақтың ұзақтығы мен қорғалу индексі бойынша 180 елдің ішінде 50-ші орында тұр. UNICEF сарапшыларының айтуынша, өңірлер арасында суицидтің өршуі байқалады. Өзіне қол салудың жоғары дең-

## ІСІМЕ?

гейі — Түркістанда (36 жағдай). Өз-өзіне қол салу әрекеттерінің өсуі Түркістан (30-дан 46-ға дейін), Ақтөбе (16-дан 21-ге дейін), Атырау (8-ден 14-ке дейін) облыстарында анықталған. Көріп отырғанымыздай, елімізде, әсіресе өңірлерде балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау статистикасы артпаса, азаймай отыр. Сондықтан жасөспірімдер арасындағы кез келген әлімжеттік мәселесіне бейжай қарауға болмайды.

— Ахуалды ушықтырмай, кең көлемді әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, балабақшадан бастап, ЖОО-ға дейінгі тәрбие жұмыстарының қаншалықты тиімді екені, қоғамдық-әлеуметтік ортаның қазіргі жағдайы және оның ұрпақ тәрбиесіне қалай әсер етіп жатқаны, отбасындағы тәрбие мәселелері жан-жақты, әрі шын бағалануы қажет. Осы әлеуметтік зерттеулері нәтижесіне сүйене отырып, Ішкі істер министрлігі өздерінің ұрпақ тәрбиесіне байланысты жоспарларына тиімді өзгерістер енгізуге тиіс. Кәсіптік жасқа толмағандардың істері жөніндегі уәскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын қайта қарау маңызды, — дейді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай.

Қазір қоғам ертеден негізі қаланған отбасы институты, бала тәрбиесі институты секілді қалыптасқан дәстүрлі қағидалардан қол үзіп қалды. Салдарынан ата-ана мен бала арасындағы рухани байланыс әлсіреді дегенді жиі естиміз.

— Қазақ «Тәрбие басы — талбесік» деп бекер айтпайды. Шындығында, біз кейінгі уақытта отбасы институтын құлдыратып алдық. Қазір толық отбасылар саны кеміді. Баланы анасы немесе

әкесі ғана тәрбиелеп отырған, жалғызбасты жанұя көп. Салдарынан бала тәрбиесі ақсап тұр. Меніңше, бала үнемі бақылауда болуы керек. Балаға ата-ананың мейірімі, ата-ана махаббаты ауадай қажет. Ата-ана сүйіспеншілігіне бөленіп өспеген баланың бойында психоэмоционалды күй өте күрделі жағдайда қалыптасады. Сондықтан шамшыл, кекшіл, өкпешіл балалар өсіп, қалыптасады. Бұл — үлкен мәселе. Ата-ананың жерден жұмысбасты болса да балаға көңіл бөлуі, назар аударуы керек. Мысалы, халықаралық мектептерде үнемі ата-аналар күні ұйымдастырылады. Ата-аналар бір-бірімен танысып, әртүрлі спорт ойынына, конкурстарға, жарыстарға қатысып жүреді. Баламен бірге уақыт өткізеді. Осы тәжірибені жалпы білім беретін мемлекеттік мектептің бәріне енгізу керек. Балалардың психологиялық мінез-құлқын бақылауға алу керек. Балалар арасындағы кикілжіңді ушықтырмай, татуласуға үйрету керек, — дейді Сенаторлар кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері Динар Нүкетаева.

Оның айтуынша, балалар арасындағы төбелес баланың келешек өміріне де әсер етіп, бала психологиясында ізін қалдырмай қоймайды. Әскердегі әлімжеттіктің болуына бала бойында кішкентайнан қалыптасқан кекшілдіктің немесе менмендіктің де тигізер ықпалы бар.

— Бәрімізге мәлім, соңғы жылдары әскердегі әлімжеттік салдарынан әскерлеріміз мүгедек

болып оралып жатқаны немесе тіпті өлім-жітімнің тіркеліп жатқаны да жасырын емес. Сондықтан әлімжеттік мәселесін зерттеу керек. Бүгінде обал, сауау, ұят деген ұғымдарды теріске, жоққа шығаратындар шоғыры өсіп келе жатқанын байқаймын. Бұл — ұлттық тәрбиеге төнген үлкен қауіп, — деп Динар Нүкетаева кеңестік кезеңде әскерде қалыптасқан біреуді өзіне бағынышты қылып, қысым көрсету, біреуді кекету-мұқату секілді әлімжеттік ұғымдардың әлі де болса жойылмауына алаңдаушылық білдірді.

Мемлекеттік деңгейде алаңдатушылық тудырып отырған балалар арасындағы төбелес, әлімжеттік мәселесінде ата-аналарға, оқу орындарына қойылатын талап пен тәртіп қатаң қадағаланбақ. Оқу-ағарту министрлігі мектептерге әлемдегі ең үздік тәжірибе — финдік KiVa анти-буллинг бағдарламасын енгізуде. Сондай-ақ барлық мектепте «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» қолға алынып жатыр. Нәтижесінде, әр өңірде бала құқықтары жөнінде уәкіл қызмет ететін болады. Егер баланың құқығы мен мүддесі бұзылған жағдайда ата-аналар, балалар және басқа да арызданушылар сол уәкілдерден көмек сұрай алады. Олар баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны жөніндегі өтініштерді, жергілікті атқарушы органдар мен басқа ұйымдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты шара қабылдайды. Ал бұл шаралардың нәтижесі келешекте өз жемісін беруге тиіс.

Қалай десек те, жасөспірімдер арасындағы жаппай төбелес мәселесі — қоғамда, бала психологиясында жақсы әсер қалдырмайтыны шындық...





Оқу-ағарту министрлігінің дерегіне, жыл басынан бері 6 бала, ал былтыр 17 бала қауіпті жағдайда қалған адамның өмірін аман алып қалып, министрліктің Алғысхатын алған. Бұл – тек тіркелген көрсеткіш, оқыс жағдайда бір адамның тағдырына араша түскен жеткіншектер қаншама? Елімізде олардың ерлігі еленіп жатқаны да рас. Атаулы күнге орай елордаға еліміздің барлық өңірінен өз жетістіктерімен ерекшеленген түрлі жағдайда адам өмірін аман



алып қалған батыр балалар жиналып, марапат пен сыйлықтарға ие болды. Соның ішінде жуырда ғана төртінші қабаттағы балконда ілініп тұрған 5 жасар баланы құтқарған №31 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Ақан Әкімжановтың ерлігін ерекше атауға болады. Бүгінгі күннің батыр баласына айналып шыға келген елордалық оқушы кішкентай баланың өлім мен өмірдің ортасында тұрғанын көргенде ойланбастан көмекке ұмтылып әрекет еткенін айтты.

«Сол күні достарыммен аулада ойнап жүріп, балконда ілініп тұрған баланы көріп қалдық. Сөмкемді тастай сала оған көмекке жүгірдім. Лифтімен көтеріліп бара жатқанда қалай құтқаратынымды ойластыра бастадым. Бір жағынан үлгермеймін бе деп те қорықтым. Балконға жедел жеткен соң баланы қолынан тартып көтеріп алдым. Кейін ата-анасы келіп алғысын айтты. Негізі, кішкентай бала бұл үйге қонаққа келіп, анасын іздеп шыққан екен. Менімен бірге болған достарым да көмектескісі келді, бірақ олар мен үлгермей, бала құлап кеткен жағдайда құтқару амалдарын жасау үшін аулада қалды. Өзіне, жақындарына немесе мүлдем бөтен адамдарға әп сәтте не болатынын ешкім ешқашан білмейді. Егер адам қиындыққа тап болғанда оған көмектесуге мүмкіндігіңіз болса, қол ұшын созу керек деп ойлаймын. Кешегі оқиғада менің орнымда болған кез келген адам осындай әрекетті жасаған болар еді», – деді Ақан Әкімжанов. Батыр балаға бұл ісі үшін планшет пен миллион теңге сыйға берілді.

Ел аймағында болып жатқан қауіпті оқиғаларда ерлік көрсеткен жас балалар қатарында атыраулық Мұрат Айдын да бар. Ол осы жылдың 16 мамырында өз өмірін қауіпке тігіп, өртке оранған үйден адамдарды аман алып шықты. Мұрат Айдын – Атырау қаласы №12 Ф. Досымова атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы. Мектепке қарама-қарсы көпқабатты үйлердің бірінен өрт шығып, «құтқарыңдар» деген дауысты естіген бойда көмектесуге жүгірген. Төртінші қабаттағы пәтерден қою түтінге тұншыққан 8 жасар баланы алып шыққан. Үшінші қабаттағы пәтер балконындағы өртті сөндіріп, пәтерден ерлі-зайыпты қарияларды да сыртқа шығарып үлгерген.



# Тәуекел – ҰЛДЫН ұраны

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

**«Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос». Халық арасында кең тараған Абай даналығының төркіні тереңде жатыр. Бір-біріне жаны ашып, бірінің басына қауіп төнгенде екіншісі араша түсетін қазақ балаларының бойындағы ержүректік батыр бабалардың қанымен дарыса керек. Бейбіт күнде батыр атанып жүрген балалар жетерлік. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай қайсар мінезімен көзге түскен жас жеткіншектердің ерлігін әңгімелеуді жөн көрдік.**

«Баланың айғайлағанын естіп, көмектесуге бардым. Баланы сыртынан анасы кілттеп кеткен екен. Есікті іштен ұрып, ашуға ұмтылып жатыр. Сыртқа «Мама, ашшы, мама, ашшы» деп жылаған дауысы естілді. Содан мен бірден есікті



сындыруға кірістім. Менің қолымда есікті сындыруға көмектесетін ешқандай құрал да, зат та болмады. Қолмен соқтым, аяқпен тептім. Сөйтіп, есіктің қабырға жағы сынып кетті. Сол сынықтан бала демалып тұрды. Қорқыныш болмады. Өйткені бар ойым көк түтін арасында қалған баланы шығарып алу болды», – деді оқушы. Мұрат Айдын – белсенді оқушы, қазақтың дәстүрлі ән жанры бойынша облыстық, республикалық кон-



курстар мен түрлі деңгейдегі спорттық жарыстардың жүлдегері. Анасы мен ұстаздарының айтуынша, айналасына көмектесуге ұмтылған елгезек бала. Атырау облыстық Білім беру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Света Ертілеуқызы ерлік танытқан оқушыға алғыс білдіріп, Ресей Федерациясының Железноводск қаласындағы «Қазақстан геолог» пансионатында демалуға жолдама табыс етті. Сонымен қатар батыл ұл тәрбиелеп отырған ата-анасын Білім беру басқармасының Алғысхатымен марапаттады.

Ал қостанайлық Рамиль, Матвей, Иван есімді 3 оқушы өрт шыққан үйден ұйықтап жатқан үй иесін құтқарды. Сабақтан келе жатып шатырдан шыққан түтінді көрген жеткіншектер сол үйде қарияның тұратынын білгендіктен, ұйықтап жатқан ақсақалды оятып, сыртқа алып шыққан.

– Үйде өрт шыққанын көріп, бірден өрт сөндірушілерге хабарластық. Өзіміз де қарап тұрмай үйге кіріп, атаны оятып, сыртқа шығардық. Бұл кезде өрт сөндірушілер де лезде жетіп, өртті тез арада сөндірді. Шынымды айтсам, бұл ісімізді нағыз батырлыққа жатқызбаймын, – деді қостанайлық Рамиль Соловей.

Ал 11-сынып оқушысы Марлен Көшербай арыққа ағып бара жатқан баланы аман алып шыққан. Осы аталған оқушылардың жасаған ержүректігі биылғы жылдың

мамыр айына дейін болған оқиғалар.

Бейбіт заманның тағы бір болашақта да халқының өміріне араша түсуді көздеп, өрт сөндіруші



маманы болуды мақсат тұтты. Ол – Мақтаарал ауданы К.Үкібаев атындағы №37 жалпы орта мектебінің оқушысы. Былтыр Нұрқелді суға ағып бара жатқан 3 жастағы баланы құтқарып, қайғылы жағдайдың алдын алғаны үшін Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды арнайы марапатын табыстаған болатын. Батыр баланың айтуынша, бұл ерлігі ауылда әлі де ауыздан-ауызға тарап, басқаларға үлгі болып жүр екен.

«Қателеспесем, 4 наурыз еді, 8-сыныпта оқып жүрген кезім. Көкпарға жолым түсіп, өзен жағасынан өтіп бара жатқанда судың ағысына қарсы жүзе алмай, батып бара жатқан балаға көзім түсті. Алғашында су бетінде калқып тұр-

ған бір зат деп ойладым. Адам өмірі болған соң дереу балаға қарай бет алдым да, суға түстім. Жеткенімде баланың бүкіл денесі көгеріп кеткен, сула түсіп жатыр. Бойымдағы қорқыныш сол кезде ояңғандай болды. Бірақ не де болса аман алып қалуды ойлап жағаға шығардым да, сабақтан үйренген білген-түйгенімнің бәрін пайдаланып, естусіз қалған балаға жасанды дем беріп, алғашқы көмек көрсеттім. Артынша ауылдың үлкен адамдары келді. Менің бұл әрекетімді көрген достарым бірінші әкеме айтып барған екен. Кейіннен бүкіл ауыл мені «ерлік көрсетті» деп жүр. Бірақ мен мұны аса бір ерлік деп санамаймын. Өйткені халқының амандығына жауапты болу, оны қорғау – әрбір ер-азаматтың мойнында тұрған халық алдындағы міндеті деп білемін», – деді батыр оқушы Нұрқелді. Ұстаздарының айтуынша, ол мектепте үлгілі тәртібімен, үздік оқумен ерекшеленді. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Футбол үйірмесіне қатысып, түрлі деңгейдегі жарыстарда көзге түсіп жүр.

Павлодар облысындағы Башмачное ауылында 2021 жылы төрт жастағы Аруана есімді қыз жоғалып кеткен еді. Бұл хабарды естіген көршілері Рахманғұловтар отбасының отағасы Асхат пен он жасар ұлы Саян қызды іздеуге шыққан. Әкесі мен баласы жоғалған қызды әртүрлі бағыттан ізденуге шешім қабылдапты. Саянның айтуынша, ауыл шетіндегі қоршау жанындағы ересек адамның тізесінен жоғары болатын шағын арықтан көк күртеше киген қызды көріп, аяғынан ұстап, жағаға тартып шығарған.

«Қызды судан шығарған соң әкемді шақырып алдым. Ол менен бірнеше жүз метр қашықтықта жүрген. Әкем жеткенше қызға жасанды тыныс алу мен жанама жүрек массажын жасай бастадым. Ол есін жиғанда қатты қуандық. Дерек жергілікті медициналық пунктке



жеткіздік. Көршілеріміз алғысын жаудырды. Кейін бұл ісім туралы жазылған жазбалар әлеуметтік желіде тарап, «Ертіс өңірінің жұлдызы» газетінде баяндалды. Одан кейін облыс әкімдігі планшет сыйға тарту етті», – деді павлодарлық Саян Рахманқұлов. Айта кетейік, жас батыр Түркістанда өткен «Мейірімділік керуені» байқауында «Бала жүрегі» номинациясымен марапатталған.

Қиын сәтте жанқиярлық пен мейірімділік таныту әркімнің қолынан келетін онай шаруа емес. Сондықтан әлі бала болса да, өзгенің өмірін сақтап қалған бейбіт күннің кішкентай батырларының ерлігі елеусіз қалмайды. Айдың күннің аманында, қауіпті жайлар көп болып, басын бәйгеге тіккен балалар көп болсын демейміз, қандай жағдайда да халқының амандығын ойлайтын жүрегіңде түгі бар ұрпақ көбейсін. Оларды ерлігі үшін марапаттап, арнайы сыйлықтардың берілуі де занды. Ерлік осылай бағаланса керек.





Наурызбек САРША

### АТҚАРЫЛҒАН АУҚЫМДЫ ІСТЕР

Осыдан 30 жыл бұрын, 1994 жылы 16 ақпанда Қазақстан Бала құқықтары туралы конвенцияға (БҚК) қол қойды. Аталмыш конвенция балалардың құқықтарын жан-жақты айқындайтын халықаралық деңгейдегі бірден-бір құжатқа айналды. Бүгінде БҚК бүкіл дүниежүзіндегі балалардың өмірін өзгертуде шешуші рөл атқаратын әлем тарихында ең көп ел қабылдаған құжат болып отыр. Конвенцияның негізгі қағидалары барлық баланың өмір сүруге, дамуға, қорғауға және кемсітушіліктен бостандыққа тең құқықтарын қамтиды.

Ақпан айында қол қойылған құжат көп ұзамай, 1994 жылдың 8 маусымында БҚК Қазақстанда жоғарғы кеңес қаулысымен ратификацияланды. Осылайша, Қазақстан өз еркімен әрбір баланың тең құқықтарын қамтамасыз ету бойынша жаһандық міндеттемелерді мойнына алды. Конвенция Қазақстанда балаларға мейірімді қоғам құрудың жұмыс құралына және БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы ынтымақтастық негізіне айналды. Осының арқасында соңғы үш онжылдықта Қазақстан бес жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітімді бес есе, ал жана туған нәрестелер арасындағы өлім-жітімді үш жарым есе төмендетуге қол жеткізді.

Президент жарлығымен 2016 жылы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды, ал 2022 жылы бала құқықтары жөніндегі уәкілдер Қазақстанның әрбір өңірінде тағайындалды. Соның арқасында баланың құқықтары мен мүдделері бұзылған жағдайда көмекке жүгіну мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. 2022 жылдың желтоқсан айында Үкімет Парламентке ұсыну үшін жаңа Әлеуметтік кодексті де аяқтады. Бұл кодекс отбасын әлеуметтік қорғауды жақсарту, әлеуметтік қызметтерді қайта құру және әлеуметтік жұмыс функцияларын күшейту шараларын ұсынады. Осы 2022 жылы Қазақстан отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасын 2030 жылға дейін жаңартып, оған гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасының тұрақтылығы мен оң тәрбиені қолдау жөніндегі неғұрлым қатаң міндеттемелерді енгізді. Сондай-ақ елде балалар мен мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау үшін жаңа заңдар қабылданды.

2023 жылы Қазақстанда балаларға берілетін жәрдемақыны алу жасын он екі айдан он сегіз айға дейін ұлғайтатын және азаматтардың әлеуметтік қорғалуын айтарлықтай жақсартатын Әлеуметтік кодекс қабылданды. Үкімет 2025 жылға қарай атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алу критерийлерін ең төменгі күнкөріс деңгейінен орташа табыс деңгейіне дейін өзгертуде міндеттенді. Осы шараның арқасында АӘК алуға құқылы балалар саны арта түсті.

Былтыр Қазақстан сондай-ақ балаларға келтірілген залал орнын ұлттық сот төрелігі жүйесінен тыс толтыруға қол жеткізуге мүмкіндік беретін Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялады. Қоғамда әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа төзбеушілік күшейіп келеді. Президенттің 2023 жылғы қыркүйектегі халыққа Жолдауы және тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстандыру туралы қоғамдық пікірталас сол мәдени өзгерістердің айғағы. 2023 жылы елдегі заңнамаға отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлау және қылмыстық істерді қозғау процесін жеңілдететін өзгерістер енгізілді.

Былтыр Қазақстан Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы 2024-2025 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын қабылдады, онда бала құқықтарына басты назар аударылды. Аталмыш жоспарға балалардың құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдердің мәртебесін реттеу, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау шараларын күшейту, медициналық мекемелерден тыс жерде туған балаларды тіркеу туралы заңнаманы



**Б**ала – ата-ананың бауыр өті, көз қуанышы болса, мемлекеттің болашағы, ертеңгі елдің тұтқасы. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген заңғар жазушы мұхтар әуезовтің сөзі де осыны меңзесе керек. Бүгін – халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл күнді әлемнің 30-дан астам елі атап өтеді. Сонымен қатар биыл Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы конвенцияның қабылданғанына да 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде еліміз балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын арттыруда көптеген жұмыс атқарды. Көптеген құжатқа қол қойып, жаңа заң жобаларын қабылдады. Ендеше еліміздегі балаларға қатысты барлық деректі қамти отырып, мемлекеттің бұл бағытта қандай жұмыстар атқарып отырғанына тоқтала кетуді жөн санадық.

қайта қарау, балалар еңбегі мәселесін талдау, гендерлік теңдікке септесу және инклюзивті саясат тұжырымдамасын қабылдау кіреді. 2023 жылы Қазақстанда Әлеуметтік кодекс қабылданып, мемлекеттік жәрдемақылар мен бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімін бала 1,5 жасқа толғанға дейін ұзартылды. Осы жылдың қарашасында Президент «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жасауды мақұлдап, бұл жоба биыл қолға алына бастады.

### «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

Ақпан айында «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 2024 жылы 18 жасқа толған азаматтар үшін БЖЗҚ-дағы Нысаналы жинақ шотына (НЖШ) алғашқы төлемдер түсе бастады. Бағдарламаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) инвестициялық кірісінің 50% жыл сайын Қазақстан Республикасының 18 жасқа дейінгі барлық жастағы балалар арасында бөлінеді. НЖШ-дағы қаражат тұрғын үй жағдайларын жақсарту және БЖЗҚ-мен тиісті келісімдер жасасқан уәкілетті операторлар арқылы білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалануға арналған. Олар АҚШ долларында сақталады. Нысаналы жинақтарды алушылар көмелетке толғаннан кейін оларды көрсетілген мақсаттарға пайдалана алады. Жоба туралы мағлұматты іздеу барысында enpf.kz сайтына бас сұқтық. Ақпаратқа сенсек, биылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде «БЖЗҚ» АҚ жалпы сомасы 585 641,64 АҚШ долларына 5 845 өтінішті орындаған (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 263 664,90 АҚШ долларына 2 634 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 321 976,74 АҚШ доллары көлеміне 3 211 өтініш орындалды. Нысаналы жинақтарды алушы өзіне тиесілі барлық соманы да, оның бір бөлігін де пайдалануға құқылы. Бұл ретте пайдаланылмаған соманың қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады. Тұрғын үйге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі уәкілетті оператор – «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ болса, нысаналы жинақтарды

# БАЛА – КӨҢІЛДІҢ НҰРЫ, ӨМІРДІҢ ГҮЛІ

білім алу ақысын төлеу үшін «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және «Қазақстан Халық банкі» АҚ екі уәкілетті операторы арқылы пайдалануға болады.

Қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдалану туралы шешім қабылдаған адамдар арасында Шымкент қаласының тұрғындары (52 870,40 АҚШ долларына 526 өтініш орындалды) асқан белсенділік танытты, екінші орында – Қызылорда облысының тұрғындары (35 582,52 АҚШ долларына 354 өтініш орындалды), үшінші орында – Астана қаласының тұрғындары (20 399,30 АҚШ долларына 204 өтініш орындалды).

Өз қаражатын білім алу ақысын төлеу үшін пайдаланған ең белсенді отандастарымыз – тағы да Шымкент қаласының тұрғындары. Бұл шаһарда (58 613,30 АҚШ долларына 584 өтініш орындалды), екінші орында – Жамбыл облысының тұрғындары (32 312,44 АҚШ долларына 322 өтініш орындалды), үшінші орында – Жетісу облысының тұрғындары (28 772,44 АҚШ долларына 287 өтініш орындалды).

Осы бағыт бойынша ең танымал қосалқы мақсаттардың ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуді ерекше атап өтуге болады. Бұл ретте 269 052,22 АҚШ долларына 2 684 өтініш орындалды. Танымалдығы бойынша екінші орында – білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (38 762,64 АҚШ долларына 386 өтініш орындалды), үшінші орында – шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (9 539,52 АҚШ долларына 95 өтініш орындалды).

### ТҮЙІН:

**2023 жылы Қазақстан халқының саны 20 миллион адамға жетті. Оның 6,7 миллионы – балалар, олардың 55,2% қалада тұратыны белгілі болды. Ал бүгінде еліміздегі балалар саны 6,8 мнды құрайды. Ресми болжамға қарасақ, 2027 жылға қарай елдегі балалар саны 8 млн-ға жетеді. Демек демографиямыз жақсарып келеді десек болады. Иә, республиканың барлық стратегиялық құжаттында балаларға көңіл бөлінген. Әлемнің көптеген елі баланың әл-ауқатын бағалап, арнайы әдістемелер әзірлейді. Қазақстан бұл істен де шет қалған жоқ. Мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі – балаларды қорғау мен қолдау және солай болып қала бермек.**

Атап өткен жөн, жыл сайын бұл сома Ұлттық қордың өсуі мен инвестициялық кіріс алуы есебінен ұлғайып отырады. Бұған қоса, есептелген қаражат Ұлттық қор активтерінің құрамында инвестициялануын жалғастыра береді және Бағдарламаға қатысушы балаларға олар 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық кіріс әкеледі.

Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны 01.01.2024ж. – 6 919 131 бала. Оның ішінде 304 815 қатысушы 2024 жылы 18 жасқа толады. Олардың барлығына 100 АҚШ доллары 52 цент мөлшерінде бірдей нысаналы талап сомасы есептелген.

### БАРЛЫҒЫ – БАЛАЛАР ҮШІН

Осы ретте Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспановадан комитеттің жұмысы жөнінде пікірін сұраған едік. Комитет төрағасы балалардың құқықтарын қорғаудың маңызды аспектілеріне тоқталды.

«Бүгінгі күні балалардың қауіпсіз ортасын қалыптастыру үшін балаларды зорлық-

зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданып, іске асырылуда. Сондай-ақ «ДосболLike» ұлттық антибуллингтік бағдарламасы әзірленді, 14 өңірде балаларға психологиялық қолдау көрсету орталықтары ашылды, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларды анықтау және оларға көмек көрсету бойынша әдістеме қабылданды. Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» мемлекеттік бірінші сөнім телефоны құрылды. Бұдан бөлек, балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік заңнамалық деңгейде күшейтілді», – деді сарапшы.

Сонымен қатар ол өңірлік балалар омбудсмендері институтының мәртебесінің бекітілгені туралы айтып берді.

«Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер институтын енгізу – балалардың құқықтарын қорғау жүйесін нығайтудағы маңызды қадам. Бұл балалардың құқықтарының бұзылуына желел әрі сапалы ден қоюға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Насымжан Оспанова. Ол сондай-ақ 2023-2024 оқу жылында алғаш рет 1,6 млн-нан астам бала үшін мектептерде тегін тамақтандыру ұйымдастырылғанын айтып өтті. «Былтырғы 1 қыркүйектен бастап 1,6 миллионнан астам қазақстандық оқушы, оның ішінде 1,4 миллион, 1-4-сынып, әлеуметтік осал топтағы отбасылардан 200 мыңнан астам 5-11-сынып оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылған. 2023-2024 оқу жылынан бастап еліміздің барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама шеңберінде әр балаға шабыт беріп, шығармашыл идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бас-тамалар мен жобалар қолға алынды. Елімізде 10 743 балалардың демалысын ұйымдастыру орындарында 2,9 млн бала жазғы демалысын өткізеді», – дейді комитет төрағасы.



Бердібек ҚАБАЙ

Альберт Эйнштейн «Егер ара жер бетінен жойылып кетсе, адам баласының төрт-ақ жыл ғана өмірі қалады деп есептеу керек» деген екен-мыс. Атақты ғалымға телініп жүрген бұл тұжырым аралар адам баласы азық етіп отырған күллі дақыл біткенді тозаңдатады, егер дақыл тозаңданбаса, өнім өнбейтінімен түсіндіріледі.

Бірақ бүгінде британдық ғалымдар араның болмауы салдарынан жер әлемде тіршілік тоқтап қалады дегенге сенбейді. Тіпті, олар Альберт Эйнштейн айтты делінетін тұжырымды жоққа шығарып отыр. Британдық ғалымдар ара болмаған жағдайда да көп дақыл желмен ақ тозаңданады, тіпті адам әсерімен тозаңдатуға болатын түрлі техника ойлап шығарылатынын айтады. Техника мен ғылымның дамыған заманында бәрі мүмкін екені даусыз. Алайда...

ӘЛЕМДЕ ҚАНША БАЛ ӨНДІРІЛЕДІ?

2020 жылдан бергі уақытта дүниежүзінде шамамен әр жыл сайын 1,85 миллион тонна бал өндіріледі екен. Мұндай деректерді BusinesStat сарапшылары жариялаған. Ал көрші Қытайда 2020 жылы 500 мың тонна өндiрген. Осылайша, бұл ел әзірге ең ірі бал өндіруші болып отыр. Қытайлардың балы әлемдік нарықтың 27% жаулап алған.



Бал аралары шынымен кішкентай болса да, әлемдегі ең мол таза өнім өндіруші. Ара өсіру әбден жолға қойылған АҚШ-тағы барлық ара шаруашылықтары жиналып, Қытайды басып оза алмай отыр. Ал Ресей деректеріне сенсек, былтыр мұнда бал өндіру шамамен 66,4 мың тоннаны құраған. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 2,8 мың тоннаға көп деген сөз.

Бір қызығы, әлемде ара балын экономикасының тірегі етіп отырған елдер де бар. Мысалы, Оңтүстік және Шығыс Азияның бірнеше елі мен Африка құрлығындағы кейбір мемлекеттер ара шаруашылығын дамытқанымен, балдың негізгі бөлігін жабайы табиғаттан жинайды. Соңғы уақытта жабайы аралардың балын жинау әрекеттері қауіпті болғанына қарамастан туристік нысанның бір саласына айналған. Сол себепті бал арасының жойылып кетуін ол елдер үлкен қауіп санайды. Өйткені бұл мемлекеттер бал болмаса, сыртқы нарықтан айырылып, экономикалық тұрғыда құлдыраймыз деп санайды. Себебі оларды асырап отырған



Қазір бал арасын өсіріп, бал жинау әлемді жайлаған пандемиядан кейін қарқынды көбейе бастаған. Бүгінде бал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс ерекше. Оның да өзіндік себебі бар. Бал – адам ағзасын әртүрлі жұқпалы инфекциялардан қорғайтын және иммунитетті көтеретін бірден-бір табиғи өнім. Сонымен қатар ол – түрлі дәрі-дәрмектің орнына қорықпай пайдаланатын табиғи қорғаныш.

жеміс-жидек өнімдерінен бөлек, бал мен банан екені белгілі.

ОТАНДЫҚ АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ ҚАНДАЙ?

2050 жылға қарай Қазақстан нарықты ара балымен толық қамтамасыз етуге қауқары жетеді. Шамамен бұл уақытта Қазақстан жылына 1 млн тоннаға дейін бал жинауға тиіс. Еліміздің ұлттық бал арасын өсірушілер одағының зерттеулері бойынша, бұл іс мақсатты түрде жолға қойылса, еш қиындықсыз бағындыратын белес. 2 000 жылдың басында Қазақстанда шамамен 2500 тоннадан аспайтын бал өндірілген. Ал 2008

жылы 2 780 тонна тауарлық бал өндірілген екен. Қазір қазақстандық омарташылар шамамен 10 мың тонна бал жинайды. Бүгінде елімізде ресми түрде 12 мың омарташы тіркелген. Қазақстанда жері кең, өсімдік әлемі бай мемлекет үшін бұл өте аз. Қазақстан Омарташылар одағы президентінің орынбасары болған Ғабит Нұрәділдің айтуынша, кәсіпкерлер санын



АРАСЫН  
Жантанып,  
БАЛДЫҢ  
сақтанып...



100 мыңға жеткізуге болады. Бұл бағытта 2016-2019 жылдары Ауыл шаруашылығы министрлігі «Агробілім бағдарламасын» жүзеге асырған. Өкінішке қарай, бастама аяқсыз қалды. Дегенмен бұл бастаманың шарапатын 200 адам көріп үлгерді. Бірақ қолдаудың жоқтығынан шетелде оқып келген азаматтардың көбі басқа салаға кетіп жатыр. Мемлекет ара шаруашылығына субсидия бөледі. Бірақ мөлшері өте аз. Мамандар «шығындарды жауып, өндірісті ұлғайту үшін қосымша инвестсубсидияны іске қосу керек» дейді.

Тарихи деректерде қазақстандық омарта шаруашылығы шамамен осыдан 200 жыл бұрын пайда болғаны айтылады. Башқұртстаннан әкелінген 1 786 ара Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының маңындағы бекініске орналастырылды. Одан кейінгі омарталар 1856 жылы сол кездегі Верныйға (қазіргі Алматы қаласына) орнатылады. Ал 1957 жылы Қазақстан шамамен 180 мың ара омартасы бар елге

айналып, бал жинаудың көлемді жұмысы жүргізіле бастаған. «Бал-Ара» АӨҰО мүшесі, омарташы Қасым Сауыбаев «Қазақстандағы ара шаруашылығы жақсы қарқынмен дамып келеді» дейді. «Бүгінгі күні

Қазақстанда омарташылар саны он мыңнан асады. Дегенмен бұл шартты көрсеткіш болғанымен, кейбіреулер ара өсірумен кәсіби түрде айналыса бастады. Мұндай азаматтардың саны шамамен бес-жеті мың болуы керек. Біреулер осы шаруашылықты жәй хобби ретінде көреді. Ол да қажет. Кәсіби омарташылардың басым бөлігі Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарында. Қазақстанның батысында да бар. Ара шаруашылығын қолдау мен оны дамыту туралы ҚР АӨК даму бағдарламасына енгізілуіне қол жеткіздік, оның аясында асылтұқымды араларды сатып алуға жеңілдіктер қарастырылып отыр. Бізде «Ара шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы да бар, бірақ ол заң одан әрі пысықтауды қажет ететін дүние болып тұр», – дейді омарташы.

Омарташылар одағының вице-президенті Сергей Петров балдан гөрі қантты жақсы көретінімізді айтып, налып отыр. «Біз омарташыларымыздың саны 100 мыңнан асқанын қалаймыз. Барлығын үйретіп, саланың қыр-сырына қанықтыруға дайынбыз. Бір маусымда әр омарташы 100 келі бал өндірсе, 1 млн-ға қиналмай жетер ек. Осылайша, өндіріс көлемі жағынан тіпті Қытайдан

кейін екінші орынға шығуға болар еді. Қазір отандық балды қазақстандықтардан гөрі, Сауд Арабиясы, БАӘ, Өзбекстан және Қытай халқы көп тұтынады. Біз балдың 200 тоннасын экспорттаймыз. Тәтті өнімнің келісі қазір 1 500-3 000 теңгенің айналасында. Алайда тұтыну мөлшері тым аз. Еліміздегі әр тұрғынға шаққанда тұтынылатын бал көлемі жылына 5 грамм ғана. Оның көбі Ресей, Қырғызстан, Қытайдан келген өнімдер. Себебі олардың бағасы арзанырақ, бірақ сапасы төмен. Бізде қант 52% қымбаттағанына қарамастан балдан гөрі қантты жақсы көреміз. Болмаса, мемлекет балабақша, аурухана, мектептерде мен түрлі мекемелерде ішінара қант орнына балды пайдалануға мүмкіндік жасаса, омарташылардың айы оңынан туған болар еді», – дейді ол.

Не десек те, қазіргі кезде Қазақстанда бал арасын өсірумен әуестенетін жандардың саны артқан. Әсіресе, солтүстік өңірлерде әуесқойлардың саны басым. Соңғы уақытта ара бағушылар мен егін шаруашылықтарының арасында жақсы бір түсіністік туындай бастаған. Себебі егіншілер араның өнім алудағы пайдасының зор екенін түсініп, омарташыларды өз алқаптарының маңына шақырып отыр. Мұнда алдымен шаруашылық ерте көктемде алқапқа салатын тұқымы мен өнімі туралы омарташыға баяндайды. Екеуара келісім негізінде ара бал жинаса, шаруа егінін мол ормақ. Бұл жобаны мемлекеттік тұрғыда қолдап, жоспарлы түрде жұмыс жүргізілсе, өнім де, бал да мол болмақ.

БАЛДАН ТӘТТИ НЕ?

Ғалымдар бал мәңгілікке сақталатын бір ғана өнім деп санайды. Оған мысал, ғасыр басында Мысырдағы қабірден табылған құмырадағы 2000 жыл бұрынғы балдың еш өзгермей сақталғандығы. Тіпті, дәмін татқандар да ешқандай өзгеріссіз кәдімгі бал екенін айтқан. Бұдан кейін араларды түбегейлі зерттей бастаған ғалымдар бал аралары осыдан 150 миллион жыл бұрын дәл осы қағидамен бал өндіріп келгендігіне көз жеткізген. Мұндай қызықты мәліметтер жетерлік. Мысалы, бір ғана бал арасы 50-ден 100-ге дейін ғүлге қонақтайды. Бір қызығы ара алғашқыда қандай текті гүлден шырын сорса, сонына дейін сол тұқымдас гүлді іздейді.

2021 жылы әлемде шамамен 101,6 миллион ара ұясы болған. 2010 жылы бұл сан 80 миллионды көрсеткен болатын. Балдың жаһандық өндірісінің көлемі 2017 жылы 1,88 миллион метрикалық тоннаға жетті және содан бері орта есеппен 1,77 миллион метрикалық тоннаға дейін төмендеді (1 тонна 21 метрикалық тоннаға тең). Жаһандық бал нарығы 2021 жылы сегіз миллиард АҚШ долларына бағаланған. Бал жинаушы аралардың бір ғана омарта ұяшығынан 27 келі бал алынатын көрінеді. Ал бал жинайтын аралардың кейбірі адамға қауіп төндірсе, енді бірінің мүлде жан жануарға зияны жоқ. Әлемде аралардың 20 000-ға жуық түрі бар болса, оның 50 пайызынан астамы бал жинаушылар тобына кіреді екен.



Еліміздің егемендік алғанына 30 жылдан асса да не өндіріс, не ауыл шаруашылығы дұрыстап дамып жатқан жоқ. Жыл сайын миллиардтаған қаржы бөлінсе де, ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже екі салада да болмай тұр. Шикізатқа тәуелділікті айтумен келеміз, бірақ тәуелділіктен арылудың жолын таппай жүрміз. Әлемде мұнайы да, қазба байлығы да жоқ елдер басқа амалын тауып дамып жатыр.

Ұсақ-түйекке мән бермей, ірі өндіріске секіріп кеттік. Оның соңы сәтсіз аяқталды. Есесіне есепсіз ақша жұмсалып, қайтымы болмады. Жылына 67 000 планшет, 40 000 компьютер, 43 000 монитор шығарады деген Caspary Electronics зауыты, ал 40 мыңдай көлік құрастырады деген «Тұлпар» автокөлік зауыты, сол сияқты «Қазтехмаш» зауыты, құны 120 млн АҚШ долларын құраған 100 мың тонна мырыш өндіреді деген Балқаш мырыш зауыты, «Каз-Сат-1» жерсерігі, Шымкенттегі 19,3 млн долларға салынған «Ютекс» мақта өңдеу зауыты, 88,6 млн доллар жұмсалған «Биохим» және басқа да зауыттар ашылмай жатып жабылып қалған. Сондай-ақ 12 құс фабрикасы сияқты ірілі-ұсақты кәсіпорындардың талайының ғұмыры қысқа болды. Осы жобалардың барлығы жұмыс істеп, жаңадан бизнес ашыла бергенде осы уақытта еліміздің экономикасы біршама жақсаратын еді. Құмға сіңген бюджеттің қыруар қаржысы әлі де желге ұшып жатқан жайы бар. Қаша республикалық бағдарлама қабылданса да әлі күнге ауыспасыз отырған ауылдар — осының дәлелі. Ауыл демекші, зейнетақы қорынан алынған триллиондардың ауыл шаруашылығы игілігіне бағытталғаны рас болса, шаруа шарықтаудың орнына неге шатқаяқтап тұр екен? Ол қаржы қашан қайтады? Екінші деңгейлі банктерді сауықтыруға берілген қаражат та қайтады. «Алаған қолым берген» дегендей банктер мемлекет ұсынған манызды жобаларға демеушілік танытуға тиіс.

Еліміз энергия өндірісі жөнінен әлемде 34-орында тұр. Ал қуат көзін өндіруде көш басындағы мемлекеттер энергетикалық ресурстарын жекеменшік пен монополияға бермейді. Мемлекет өз меншігінде ұстап, мемлекеттік манызды мәселе ретінде қарайды. Себебі электр энергиясын қажет етпейтін сала жоқ. Бизнес те, қалалар да, адамдар да электр энергиясын пайдаланады. Бизнес — мемлекеттік дамудың бастаушы күші. Сондықтан жарық, су, газ деген мәселе бизнестің дамуына кедергі болмауы тиіс. Өкінішке қарай, бізде делдалдардың кесірінен халық та жарыққа қарық болмай келсе, енді олардан құтылғанда монополистер көптеген кәсіпорының жабылуына және тағы да барлық тауар түрінің қымбаттауына себеп болып отыр. Өздеріңізге белгілі Парламентте жылу энергетикасы туралы заң қайта қаралып жатыр. Президент өз Жолдауларында делдалдар мен монополияны жоюды ескерткен еді. Алайда энергетика саласында делдалдар жойылғанымен, оның орнын монополистер басты. Айтарлықтай ешнәрсе өзгермеді. Қазір монополистер ойына келген тарифті өздері белгілеп, жарық бағасын өсіріп жатыр. Бұл бизнеске қатты әсер етті. Өйткені заңды тұлғаларға газ, су, жарық бойынша жоғары тариф қарастырылған. Бұл нанның бағасын 10 теңгеге өсіріп жіберді. Шымкентте осындай жағдай бо-



## ӨНДІРІС ШАРЫҚТАУДЫҢ ОРНЫНА НЕГЕ ШАТҚАЯҚТАП ТҰР?

лып жатыр. Негізсіз көтерілген тарифтің кесірінен бірқатар кәсіпкер бизнес бас тарта бастады. Оның ішінде «Azala-текстиль» сияқты тоқыма-тігін кәсіпорыны да бар. Еркін экономикалық аймақтарда жұмыс істеп тұрған зауыт, фабрикаларға да қауіп төніп тұр. Электр қуаты, су, табиғи газға тариф көтерілген сайын, инфляция өсе береді. Бұл кәсіпкерлерге де, тұрғындарға да тиімсіз. Тура сол сияқты пәленбай жылдан кейін қайта тірілген Кентаудағы кен байыту комбинаты да электр энергиясының қымбаттауы салдарынан жабылғалы тұр. Сондықтан Энергетика министрлігі, Монополияны реттеу агенттігі Президент тапсырмасына сәйкес монополияның мемлекеттік саясатқа қарсы келуіне жол бермеуі керек. Бәлкіміз бізге энергетика саласын түгелдей мемлекет балансына қайтарып алатын уақыт жеткен болар. Және бизнесті қолдауды бір тетігі ретінде газ, су, электр энергиясының бағасын кәсіпорындар үшін арзан бағада ұсыну керек. Қымбат тарифті төлеу үшін отандық тауарлардың өзіндік бағасы да қымбатқа түседі. Соның салдарынан шикізат күйінде көп зат экспорттауға оңай тиіп, өңдеуге қиынға соғуда. Өйткені бізде онсыз да жоғары тарифтер бизнесті титықтатумен келеді. Ал оған монополистердің өзіндік мүдделерін қосылып, жығылған үстіне жұдырық боп тиюде. Бұл еліміздің экономикалық дамуына қауіпті.

Қазір Кентаудағы экскаватор зауыты мен тігін фабрикасының жай-күйі аянышты. Шымкенттегі «Фосфор» зауыты мен шұлық тоқитын және әйгілі «Восход» фабрикалары да мемлекеттік қолдауды күтеді. Аспандағы айға қол созбай, қол астында тоқтап тұрған өндірістерді өркендету арқылы да экономиканы біршама алға ілгерілетуге болады. Жаңа жобаларды бастауға және ескі нысандарды жаңғыртуға екінші деңгейлі банктердегі 2,3 трлн активтерді пайдалану тиімді. Президент қозғалысыз жатқан активтерді бизнесті қаржыландыруға бағыттауға шақырғанын ұмытпайық. Түптеп келгенде, банктер осы елдің азаматтарының арқасында өсім есебінен табыс тауып жатыр емес пе? Қашанғы мұнай мен қазба байлыққа иек арттамыз? Оның өзін өндіргенімен ел мен жерге еселі пайдасы тиіп жатқан жоқ. Егерде мұнайдан түскен табыстың 1 пайызын болса халықтың мұқтажына бөлсе, кедейін байытқан арабтардан асып кетер еді. Арабтардың байманаттары өзінің әлжуаз халқына жұмыс істетпей, қайырымдылық пен зекет есебінен байытып кедейлік деңгейінен шығарады. Ал біз қазір капиталистік мемлекетке айналып барамыз. Ондай мемлекеттің байы көп, кедейі жоқ болуға тиіс. Ол үшін не істеу керек десек жұмыс орындарын шын мәнінде көптеп ашу қажет. Әкімдіктердің 57 мың, 70 мың, 100 мың адам жұмыспен қамтылды дегендей өтірік және уақытша есебіне сенбеу керек.

Жұмыссыздықтың көптігі мен жұмыс орындарының аздығынан Дүниежүзілік сауда ұйымы қойған талаптарға жауап бере алмай отырмыз. Сол сияқты Президент ұсынған 10 ұлттық жобаны жүзеге асырмақ тұрмақ, қаржыландыра алмадық. Жұмыс орны көп болса, жұмыссыздың саны азайып, салық арқылы бюджетке түсім көбейе түседі. Ал қазір тек салық пен айыппұлмен, қымбатшылықпен халықтың қалтасын қаққаннан басқа ешнәрсе өндіріп жатқан жоқпыз. Тапқан-таянғанын инфляция аздай, айыппұл арқалап титықтап жатса бұқара ашуға бұлықпай қайтсін? Ауылға барсақ күнкіл мен бұрқылдан артық әңгіме естімейміз. Әлбетте әркім аз да болса тапқанының жемісін жегісі келеді. Онсызда қысқа жібі күрмеуге келмей күнелткенде жан-жақтан жалмап жатса, зығырданы қайнайды.

2025 жылға дейін шағын және орта бизнестің үлесін 35 пайызға арттырып, 4 млн адамды жұмыспен қату үшін 2 мың жұмысшы еңбек ететін 2 мың кәсіпорын ашу керек. Сонда Президент дйттеген міндет орындалады. Ал қазіргідей ағусті жүріспен межеге жету екіталай. Үкімет бұл бағытта шұғыл шаралар қабылдап, жедел іске кірісу керек. Құлөбенің басында күнде кеңес өткізгеннен өріс кеңеймеді. Президент Парламентке сенім артқандықтан, Үкімет пен атқарушы билік тарапынан әрбір тапсырманың тиянақты әрі нақты орындалғанын қалаймыз. Жоғарыда айтып өткенімдей еліміздің ДСҰ алдында міндеттемелері бар. Оның бірі — шетелдік банк филиалдарын ашу. Ол банктер халық пен бизнестің ахуалын жақсартуға жұмыс істейді. Өкінішке қарай, ұйымға мүше болғанымызға біраз уақыт өтсе де, кей талаптарын тездетіп орындауға құлық танытпай келеміз. Бұған елдегі 21 екінші деңгейлі банктер кедергі келтірмесе екен. Бәсекелестіктің артуынан қорықса, пайыздық мөлшерлемесін төмендетсін. 1 пайызбен болса да табыс тапса банктердің мұртын балта шаппайды. Кезінде зейнетақы қорынан ақша алғанда ауыл шаруашылығын қолдау қорлары арқылы 1 пайыздық үстемесімен қайтатынын айтқан. Триллионға триллион қосылса жаман емес қой.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында: «Ауыл аманаты» бағдарламасының келесі кезеңінде жеңілдетілген несиелермен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуға тиіс. Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы — күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал», — деген. Осыған сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі жеңілдетілген лизинг бағдарламасы бойынша 60 млрд теңге бөлгенін, 2022 жылы күзгі жиын-терім кезінде 872 фермердің лизингке 1053 техника сатып алғанын айтты. Рас болса жақсы екен. Алайда жүздеген шаруадан талап-тілектер толастар емес. Олар жеңілдетілген лизингке жете алмай жүргендерін жеткізді. Техника өте қымбат, қол жетімсіз болып тұр. Себебі Қазақстанда утилизациялық алым 7 800 доллардан асып кетті. Бұл түптеп келгенде экологияға емес еліміз бен экономикаға кері әсер етіп жатыр. Былғы дерек бойынша бір тракторға утиль алым 370 мыңнан 7,4 млн теңге, ал комбайн үшін 1,6 млн-нан 8,3 млн теңгеге бағаланған. Өзі екеннің тірнектеп орган диканға бұл соммалар тым ауыр тиеті. Утиль алымның кесірінен жаңа техника алудан шаруалар бас тартып жатыр. Бұлайша егін шаруашылығы дамып, шаруашылықтар аяғына тұра алмайды. Жапонияда утиль төлемі 120 доллардан аспайды. Көлік шығарудан бізден оқ бойы озық Өзбекстанда 15-20 мың теңгенің арасында. Еуропалық Одақта утиль алымды мемлекеттік деңгейде заңмен міндеттелмеген. Олар ескі көліктерге қатаң техникалық тексеру, экологиялық көлік салығымен шектеледі. Тіпті, көліктің отаны саналатын Германияда да мемлекетке утилизациялық алым төленбейді. Бізде утиль алым да, салық та, кедендік рәсімдер де тым қымбат, оған автосалонның ақысы мен банктердің өсімін қосқанда 4 млн тұратын көліктің бағасы 14 млнға шейін шарықтап кетеді. Жұрттың бәрі дерлік үйді де, көлікті де несиеге алып, қыпқызыл шығынға батып жатыр. Су жаңа көлікке ақшасы жетпейтіндер арзанын алуға мәжбүр болады. Утилизациялық алымға түпкілікті тыйым салу керек.

Ал Мемлекет басшысының пәрменімен 4 пайызбен берілген көлікке көпшіліктің қолы жетпей қалды. Бір қуантарлығы, KIA кор-

порациясы келер жылы Қостанайда автомобиль шығаратын толық циклді зауыт салмақшы. Жобаға 90 млрд теңгеден асатын инвестиция тартылған. Зауытта 1,5 адам жұмыспен қамтылып, жылына 70 мың автомобиль шығарады деп күтілуде. Қасым-Жомарт Тоқаевтың болжамы дәл келіп, көршілердегі геосаяси тұрақсыздыққа байланысты шетелдік компаниялардың Қазақстанға қоныс аударуы еліміз үшін бәрекеді болады деп үміттенеміз. Автоиндустрияны дамыту отандық өнеркәсіп саясатының негізгі бағыттарының бірі. Ішкі-сыртқы нарықты бақылауда ұстап, реттеп отыру мемлекеттің міндеті болуға тиіс. Қаншама әлемдік ұйымға мүшелікке енгенімізбен, өз тарапымыздан көше ілесе алмай жатқанымыз жасырын емес. Өйткені кәсіпкерлік пен өндіріс дамымай тұрып, асығыс шешім қабылдап, бірқатар одаққа бас сұға салғанбыз. Өлгінде айтқан пафостық жобалар жабылып қалмағанда, анау айтқандай импортқа тәуелді болмас еді. Енді бәрібір шегінерге жол жоқ. Сондықтан ішкі сұранысты қамтасыз етіп, экспорттық әлеуетті арттыру кезек күттірмейді. Ол үшін ірілі-ұсақты бизнесті жан-жақты қолдап, қорғау қажет.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Құжат бәсекелестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуге арналған шараларға толы болды. Осыған сәйкес бизнес ашу және жүргізу үшін реттеу саясатын одан әрі жетілдіру, рәсімдерді ырықтандыру шаралары қарастырылған. Президент барынша бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге, соның ішінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық қысықтандырушылықтарды қылмыс санатынан алып тастау сияқты тиімді ұсыныстар айтты. Жарлық шын мәнінде жүзеге асырылса, экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін ауқымды және жедел түрде қысқартуға, сондай-ақ кәсіпкерлік үшін экономикалық кеңістікті ұлғайтуға қосымша серпін береді деп күтілуде. Боламын деген баланың бетінен қақпай, бөлін буып, аяғына нық тұрғанша қолтығынан демейтін қазақпыз. Қазір де кәсіпкерлерге және бизнеспен айналысқысы келетіндерге қаржылай қолдау көрсетілсе, тасын өрге домалатып әкететініне бек сенімдіміз. Уақыт бизнеспен айналысудың тиімділігін көрсетті. Әр қазақ мол нәсіпті кәсіпті болса, Қазақстанның көсегесін көгертеді. Өкінішке қарай, не жерге, не арзан несиеге қолы жетпей, арманда қалған азаматтар жетерлік. Сол сияқты арба сүйресе де, таксилетсе де өз отбасын асырап, пәтер ақысы мен банкке берешегін төлеп жүрген жандардың да еңбегі еңбек. Әйгілі Конфуций айтқандай, тыныш жатқан елді түрлі төлем, салық, айыппұл, бюрократиялық қысым көрсетпей, тыныштық пен қолына қармақ берген мемлекеттер игілікке бөленіп жатыр. Президент айтқан мәселелер дер кезінде орындалса, ештеңеден кеш қалмас еді. Бүгін істейтін жұмысты ертеңге ысыру — еріншектің ісі. Сондықтан күшті Президент, ықпалды Парламент, қуатты мемлекет — халық үніне құлақ асатын, есеп беретін Үкіметтің іскерлігімен қалыптасатынын ұмытпайық.

**Қайрат БАЛАБИЕВ,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты,  
«АНАТ» партиясы  
фракциясының мүшесі



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел әрі тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру міндетін қойды. Осы ретте «Түркістан облысы әкімі аппараты лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы бекітілген. Қаулыда облыс тұрғындарын жеке қабылдау Түркістан облысының әкімі бекіткен кестеге сәйкес айына бір реттен сиретпей жүргізілетіндігі көрсетілген.**

Назгүл НАЗАРБЕК

Түркістан облысы әкімі аппараты өтініштердің қаралуын бақылау бөлімінің жетекшісі Айдана Әмірбектің айтуынша, облыс әкімінің азаматтарды жеке қабылдаулары бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, жеке қабылдауларда берілген тапсырмаларға байланысты түзілген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысына тұрақты талдау жүргізіліп тұрады. Нәтижесінде, жыл басынан бері лауазымды тұлғалар тарапынан жалпы 33 мәрте қабылдау өткізіліп, 386 адамның өтініш-тілегіне құлақ түрген. Оның ішінде облыс әкімі өткізген 14 жеке қабылдауда 176 жанның арызын тыңдаған.

Сонымен қатар Үкімет Аппаратының Азаматтарды қабылдау орталығы тәжірибесіне сүйене отырып, 2024 жылдың басынан бері облыс әкімдігі жанында Азаматтарды қабылдау орталығы фронт-офисі қызметі жұмыс жүргізуде. Түркістан облысы әкімі



## ТҰРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ — ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА

аппараты басшысының бұйрығына сәйкес Әкімдік жанынан құрылған Азаматтарды қабылдау орталығының жұмыс регламенті, қызмет көрсету стандарты және өңірдегі мемлекеттік органдардың бірінші қабылдау кестесі үлгілік ережеге сәйкестендіріліп жасакталған.

Осы жұмыстарды жандандыру және облыс тұрғындарының ұсыныстарымен туындаған өзекті мәселелерін шешу жолдарын қарастыру мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы мен Әкімдік арасында бірлескен жол картасы жасалған. Жол картасы аясында өңір бойынша облыстық АҚО фронт-офистері жанартылып, халыққа қызмет көрсету орталығы ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің бірінші электрондық кезегі енгізілген. Орталықтарда азаматтарды қабылдау, кеңес беру, түсіндіру жұмыстары бірінші электронды кезектілік тәртібімен жүргізіліп келеді.

Түркістан облысы әкімі аппараты өтініштердің қаралуын бақылау бөлімінің жетекшісі Айдана Әмірбекқызы облыстағы аудан, қалалардағы Азаматтарды қабылдау орталықтарында жыл басынан бері 41 682 адамға кеңес беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілгенін атап өтті. Айта кету керек, аудан, қала кесіндісінде ең көп қоғамдық қабылдау Түркістан қалалық әкімі аппараты — 21 992, Түлкібас ауданы әкімі аппараты 7 925 және Кентау қалалық әкімі аппараты 4 600 адамды қабылдаған. Қорытындылай келе, жергілікті атқарушы мекемелер тарапынан халықтың игілігі үшін ұйымдастырылған іс-шаралар оң нәтиже көрсетіп, көтерілген барлық мәселелер назардан тыс қалмау мақсатында тиімді әрі сапалы қызметтер көрсету жіті бақылауға алынған.

Айта кетейік, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды дәл қазіргі кезеңде өңірдің бір-қатар ауыл-аймақта халықпен кездесу ұйымдастырып, жұрттың

жанайқайына құлақ түріп, тұрғындардың өтінішіне назар аударып жүр. Жуырда ғана аудандарға кезекті сапарында Қазығұрт ауданындағы тұрғындармен кездесті. Кездесуде тұрғындар тарапынан мәселелер ашық айтылып, шешілу жолдары қарастырылды. Өңір басшысы тұрғындарды ашық сұхбатқа шақырып, ұсыныстары мен өтініштерін тыңдап, облысты дамыту бағытындағы жұмыстарды баяндады. Қазығұрт ауданындағы әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту жолындағы жұмыстарға тоқталып, жоспарларды атап өтті.

дарын қарастыруымыз қажет. Қай салада көрсеткіштер төмендеп кеткен болса, соны көтеру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуіміз керек. Тазалық пен тәртіп — кез келген қоғамның табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі. Осыны есте сақтайық, — деген Дархан Сатыбалды қазығұрттықтарды елімізде жүріп жатқан тазалық науқанына атсалысуға шақырды.

Қазығұрт ауданында 2023 жылы жалпыөңірлік өнім көлемі 240 млрд теңгеге жетті. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 14 мыңнан асқан. Олардың өндірген өнім көлемі 117 млрд теңгеге құраған. Ауданда құрылыс жұмыстарының көлемі соңғы 3 жылда 31 пайызға өсіп, былтыр 9 млрд теңгеден асты. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 15 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланып, бүгінгі күнге нақты 1,5 млн теңге ғана тартылған. Облыс әкімі инвестиция тарту, ауыл шаруашылығы, құрылыс, білім салаларында жұмысты жандандыру жөнінде аудан әкімі мен басқарма басшыларына тапсырмалар берді. Сондай-ақ ауылдың жағдайын жақсарту үшін халықты бірлесу жұмыс істеуге және ауызбіршілікке шақырды.

Облыс әкімі аудан әкіміне өзекті мәселелердің шешілуі бойынша бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ тұрғындардың өтініштері мен сұрақтары тыңдалды. Мәселелер ашық айтылып, өткір сұрақтар қойылған кездесуде ауданның ауызу, жол, денсаулық, жайылым жер және өзге де инфрақұрылымдық мәселелер айтылды. Ұсыныстар мен өтініштер хаттамаға енгізіліп, өңір басшысы тікелей бақылауында болатынын айтты.

Облыс басшысы Дархан Амангелдіұлы тұрғындармен кездесуін жаңы күндері Төлеби ауданы мен Кентау, Түркістан қаласында жалғастыратын болады.

Түркістан облысы



**Елімізде ауқымды демократиялық реформалар жүргізудің нәтижесінде халықаралық міндеттемелерге сәйкес адам құқықтарын қорғаудың маңызы артып келеді. Заң үстемдігін нығайту мақсатында қазір «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының қағидаттарын енгізу арқылы «Әділетті Қазақстан» құру мәселесі күн тәртібіне шығып отыр.**

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті Қазақстан» — бұл әуелі халықтың заңды құқығы мен азаматтық қоғам қағидаттарына сай экономикалық, әлеуметтік, саяси құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік ұстаным. Заңды білу тек құқық қорғау органдары мен заңгерлерге ғана міндет емес. Заңды білу және заң талаптарын орындау, алдымен халықтың құқықтық сауаты мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Яғни, құқықтық мемлекет құру, заң үстемдігін орнату про-

цесінде құқықтық тәрбие мәселелерінің маңызы жоғары.

Жеке адамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастыру, тұрғындарға заң тұрғысында тегін кеңес беру мақсатында 2016 жылдан бері республикамыздың барлық өңірінде «Халық заңгері» республикалық акциясы ұйымдастырылып келеді. Бұған дейін акцияға 8 000-нан астам үздік сарапшылар мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысқан.

— «Халық заңгері» республикалық акциясы еліміздің барлық қалалары мен елді мекенінде өтті. Басты мақсаты — халықтың құқықтық сауатын жоғарылату, халыққа құқықтық көмек көрсету, тегін заң кеңестерін беру. Мемлекеттік бар-

## «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» АКЦИЯСЫ — ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ

лық құқық қорғаушы органдарының белгілі заңгерлері тұрғындар тарапынан туындаған құқықтық сұрақтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, халыққа заң кеңестерін береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бұл акцияға әр жыл сайын белсенді қатысады. Өйткені тұрғындарға құқықтық сауаттылық қолдау көрсету превенция жұмысының бір шарты болып табылады. Халық жер дауы, КСК, сапасыз тұрғын үй мәселесі бойынша көптеген сұрақтар қойып жатады. Біздің агенттік халық тарапынан түскен сұрақтарға қатысты тиісті бағдар береді және мәселенің шешілуін аяғына дейін жеткізуге көмектесеміз, — делі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі превенция қызметі басшысының орынбасары Жігер Байділдин.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен «Халық заңгері» акциясына әдеттегідей халық көп жиналды. Қала тұрғындары кез келген даулы мәселесіне қатысты тегін заң кеңесіне жүгіне алды. Акцияның болатынын инстаграм арқылы білген қала тұрғыны Мадина Каренова:

— Мұндай акцияның болуы халық үшін өте пайдалы әрі керек. Тұрғындар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, шешімін таппай жүрген мәселесіне қатысты

жауабын ала алады. Өзіңізге белгілі кез келген адам өзіне қажет маман кенесін алу үшін түрлі есіктерді қағып, тіпті кейде соңында әділетке жете алмай, қолын бір сілтеп жатады. Мен өзімді мазалап жүрген сұрағымға жауап алдым. Мемлекет тарапынан халыққа заң тұрғысында тегін кеңес берудің маңызы зор. Ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін, — делі.

Халықтың мұнын тыңдап, тегін заң кеңесін берудің жөні бөлек. Акция аясында тұрғындар білікті мамандардан тегін заң көмегін алудың қолжетімді болғанына дән риза. Ұзақмерзімді ипотекамен алған баспанасының сапасыздығына шағымданып келген қала тұрғыны Айша Жанарбек жаңбыр салдарынан «Отау» тұрғын үй кешенінен несиеге алған үйінің төбесінен су аққанын және салдарынан қабырғаларының батпағы құлап жатқанын айтты. «Заңгерден тиісті жауап ала алдыңыз ба?» деген сұрағымызға қала тұрғыны:

— Иә, заңгерге тікелей жолығып, мәселемді жеткізгенім үшін қуанып тұрмын. Заңгердің айтуынша, құрылыстың сапасына тұрғын үйді салған компания жауапты екен. Олар заң аясында өздері келіп барлық кемшілікті түзетіп береді. Мен өтінішімді жазып қалдырдым, — делі.

Шара аясында адвокаттар, нотариустар, судьялар, прокурорлар,

тергеушілер, сот орындаушылары, полицейлер, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, әділет, салық органдарының, жылжымайтын мүлік тіркеу басқармасының қызметкерлері секілді 70-тен астам маман тұрғындарға заң көмегін ұсынды. Жаз мезгілінде өрт қауіпсіздігі мәселелерінің жиілеп кететініне байланысты сұрақтарымен келген халықтың да қарасы көп екен.

— Көбіне тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі мәселесіне қатысты сұрақтармен келіп жатқандар көп. Біз бұл бағытта алдын алу шараларын жүргіземіз. Өрт қауіпсіздігі маусымы басталғалы бері біздің басқарма әкімдікпен бірлесіп, тұрғындарға түсіндіру бағытындағы жұмыстарды бастап кеттік. 8 сәуірден бастап қала аумағындағы қамыстар мен құрғақ шөптерді шауып, өрттің алдын алу шараларына басымдық беріп жатырмыз. Ал орман алқабындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, Ауыл шаруашылығы мен төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп жұмыстар атқарамыз, — делі Астана қаласы ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Ажар Рүстемова.

Акцияның ұйымдастырушылардың айтуынша, акция аясында заң көмегіне жүгінген 150 мыңнан астам адам тегін заңгерлік кеңес алды.



Биылғы көктем тұтас еліміз үшін оңай болған жоқ. Су тасқыны көптеген облысты, аудан-ауылдарды үлкен сынақтың астында қалдырды.

Баян ЖАНҰЗАҚ

Тасқын су қаупі Атырау үшін де үлкен сабақ болып отыр. Облысқа қарасты Құлсары қаласының оннан астам ықшамауданы тасқын судан зардап шегіп, мектептер, басқа да қоғамдық орындарды қоса алғанда үш мыңға жуық үй бүлінді.

Табиғи апат салдары бір күнде жойылмайды. Тұрғындарды қауіпсіз аймақтарға көшіру, біржолғы материалдық көмек берілгенімен, бүлінген баспаналарды бағалау жұмыстарын тез аяқтауды талап етушілер көбейді. Тасқын соны Құлсарыда митингке ұласты. Алға шатыр құрған тұрғындардың арасында жалған ақпарат таратып, митинг соның тәртіпсіздікке ұластырғысы келгендер де болды. Абырой болғанда, бірнеше күнге созылған бейбіт митинг аяқталды.

Жылыой ауданының әкімі Жұмабек Қаражанов Құлсары қаласының тұрғындарына зардап шеккен тұрғын үй үшін өтемақы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға түсіністікпен қарағаны үшін ризашылығын білдірді.

«Алда үлкен және өте маңызды қалпына келтіру жұмыстары тұр. Қала алаңы қалыпты өмірге оралды, бейбіт жиналысқа қатысушылардың шатырлары жиналды. Барлық қоғамдық орын қалыпты режимде жұмыс істеуде. Қалада зардап шеккен тұрғындарды залалды бағалау нәтижелерімен таныстыру бойынша мобильді топтардың жұмысы жалғасуда», — деді Жұмабек Қаражанов.

Қазіргі уақытта құлсарылықтарға №20 қалалық мектеп базасында және 109 нөмірі бойынша байланыс орталығы арқылы үздіксіз консультативтік қолдау көрсетілуде. Бағалау нәтижелерімен келіскен қала тұрғындары мен әкімдік арасында шарттарға қол қою жергілікті Мәдениет үйінде жалғасуда.

28 мамыр күнгі мәлімет бойынша, 1 100-ден астам құлсарылық баспанасын қалпына келтіру үшін өтемақы алды. Мобильді топ мүшелері үйлерді аралау барысында 2 583 үйге бағалау және техникалық зерделеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырды. Атырау облысының жедел штабының мәліметі бойынша, Құлсарының 1 594 тұрғыны өтемақы алу туралы келісімшартқа қол қойып, 1 165-не төлем төленді. Оның ішінде 722 тұрғын баспана сатып алуға және 443 тұрғын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына төлем алды.

Құлсары қаласының тұрғыны Сегіз Бердіқұловқа мобильді топ мүшелері үйіне келіп, бағалау парағын берген. Ол сарапшылардың қорытындысында көрсетілген қаржыға толық келіскенін айтты.

— Сарапшылардан үйіме жасаған бағалау қорытындысын алған соң, дереу Жылыой ауданы әкімдігіне барып, маған төленетін өтемақыны ақшалай алғым келетінін айттым, — деді Сегіз Бердіқұлов.

Вахтовий ауылының тұрғыны Қожантай Дәуітовке де бағалау комиссиясының қорытындысы берілді. Ол су басқан мүлікке келтірілген залал сомасына толық келісетінін айтты.

# ТАСҚЫННАН KEЙІНГІ ҚҰЛСАРЫ



— Мүлкімді әділ бағалаған мамандарға алғыс білдіремін. Бұл қаражатпен үйімді толық қалпына келтіремін деп ойлаймын, — деді Қожантай Дәуітов.

Сондай-ақ техникалық зерделеу қорытындысын қайта қарау жұмыстары басталды. Нәтижелерді қайта қарауды мамандар тұрғындардың берген өтінішінде көрсетілген ескертулерді ескере отырып, жүзеге асырады. Техникалық мамандар Құлсары қаласындағы зардап шеккен мүліктерге бағалау жұмыстарын жалғастыруда. Құлсары қаласына техникалық мамандардың үш бригадасы келіп, су тасқыны салдарынан бүлінген, су астында қалып тексерілмеген үйлерді техникалық тексеруге кірісті. Бұл үйлер негізінен «Атырау» және «Болашақ» шағын аудандарында орналасқан.

Жоғарыда аталған шағын аудандардағы үйлерді техникалық тексеру аяқталғаннан кейін, мамандар тұрғындардың өтініші бойынша үйлерді қайта техникалық тексеруге кіріседі.

Өтемақын бөлек, құлсарылықтар арасында жаңа баспана салуға көмек сұрап отырғандар да бар. Сол үшін де Құлсарының биік жерінен зардап шеккен тұрғындар үшін баспана салуға жер бөлініп жатыр. Тұрғындар мен жергілікті билік арасындағы келісімге сәйкес, салынатын үйлердің құрылысы күзде аяқталады.

Қазіргі уақытта құрылыс компаниялары 80 жеке үйдің іргетасын қалауға дайындықты бастады. Атырау облысының Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабының мәліметінше, Құлсары қаласының «Болашақ» шағын ауданындағы алғашқы 80 үй «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражаты есебінен салынады.

Атырау облысы Құрылыс басқармасының басшысы Нұрберген Құсайыновтың айтуынша, бүгінде топырақты тегістеу жұмыстарына үш мердігер ұйымның 20 арнайы техникасы мен 30 жұмысшы жұмылдырылған. — Қазіргі уақытта іргетас құрылысымен қатар, жаңа шағын ауданға жол инфрақұрылымын салу жұмыстары басталды. Қалған инженерлік коммуникациялар жүргізіліп тұр, — деді Нұрберген Құсайынов.

Атырау облысының әкімдігімен арада қол қойылған меморандум шеңберінде, жергілікті атқарушы орган жаңа үйлер салу үшін жер учаскелерін суға кетпейтін қауіпсіз

аймақтардан бөлуді қамтамасыз етуде. Сондай-ақ жергілікті атқарушы орган құрылыс жүргізу мерзімі мен техникалық талаптарды сақтай отырып, құрылыс жұмыстарының сапасын бақылайды.

Жанаргүл Артығалиева да зардап шеккен тұрғындардың бірі. Оның үйі апатты жағдайда деп танылып, үйін толық бұзу ұсынылған.

— Екі комиссияның мамандары келіп, техникалық сараптама мен бағалау жүргізді. Содан кейін мобильдік топ бағалау қорытындысымен таныстырды. Әкімдік ұсынған өтемақы көлемімен келісеміз, сондықтан келісім жасалды, — дейді Жанаргүл Артығалиева.

Зейнеткер Дабыл Ахметов бүлінген мүлкін бағалау нәтижесімен танысып, ақшалай өтемақы алуға әкімдікпен шартқа қол қойғанын айтады.

— Су басқан үйімді әділ бағалағаны үшін Жылыой ауданының әкімдігіне ризашылығымды білдіремін. Енді біздің қаламызда мұндай су тасқыны болмайды деп сенемін, — дейді Дабыл Ахметов. Тасқын кезінде баспанадан бөлек, Құлсары қаласындағы бизнес нысандары да зардап шекті.

Атырау облысының ТЖ жөніндегі жедел штабының хабарлауынша, қазіргі уақытта Құлсарыда бизнес нысандардың бүлінген 137 ғимараты техникалық тексеруден өтті. Жылыой ауданында кәсіпкерлік субъектілерінің зардап шеккен мүлкін бағалау бойынша жұмыстар жалғасуда. 28 мамырдағы жағдай бойынша, Жем өзенінің тасуы кезінде су тасқынынан зардап шеккен 320 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелді. Бүгінде сарапшылар 47 кәсіпкерлік субъектісі бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарды бағалауда. Қазіргі уақытта жылжымалы мүлкі зардап шеккен 119 кәсіпкер тіркелді.

— 128 бизнес объектісі бойынша ғимараттарға техникалық тексеру жүргізілді, сондай-ақ 35 кәсіпкерлік субъектісі бойынша 662-ден астам жабдықты бағалау жұмысы жүргізілді, 8 нысанға техникалық тексеру жалғасуда. Бұзуға жататын нысандар саны — 17 бірлік. Күрделі жөндеуге жататын нысандар саны — 14, қазіргі жөндеуге жататын нысандар саны — 97, — деді Жылыой ауданы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры Ерлан Нұрланов.

Кәсіпкер Гүлбану Жұмақұлованың айтуынша, су тасқыны кезінде оның ұлттық көрпе шығаратын бизнесі — шағын цехы зардап шеккен. Су астында жалпы сомасы 6 миллион теңгенің жабдығы қалды.

— Маған ғимараттар мен жабдыктарды техникалық бағалауды жүргізетін мамандар келді. Бағалау нәтижесінде есептелген өтемақы көлемі мені толығымен қанағаттандырады, — деді Гүлбану Жұмақұлова.

Тұрғын үй, бизнес нысандары мәселесінен бөлек, Құлсары қаласы қазір таза ауызсуға қатысты проблемадан да зардап шегіп отыр. Судың құрамы «Астрахань—Маңғышлақ» магистралды су құбырының жаңа лупингін пайдалануға беру кезінде ластанғаны белгілі болды.

Лайдың көптігінен су құрамы толық тазармай, Құлсары қаласына қажетті су көлемі берілмеді. Лайлану көрсеткіші стандартқа сай емес.

Облыс әкімі Серік Шәпкенов тез арада кеткен кемшілікті реттеуді тапсырды. Сондай-ақ лай суды жинақтаушы резервуарлардан ағызу қажеттігін атап өтті. Құбырлар толық тазарғанша магистралды желіден су жіберуді тапсырды. Судың құрамы толық тазарғанға дейін жұмыстар жалғасады. Сонымен қатар тасқыннан кейінгі Құлсарыда малынан айырылған тұрғындарға өтемақы берілуде. Күні бүгінге дейін азаматтарға 120 млн теңгеден астам өтемақы төленді.

Жылыой ауданының Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі тұрғындардан келіп түскен 101 өтінішті толығымен қанағаттандырды, деп хабарлайды Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штаб. Қосшағыл ауылдық округінде орналасқан «Қарағай» шаруа қожалығының басшысы Айтуар Мырзағалиевтің айтуынша, су тасқыны кезінде оның екі жылқысы суға батып кеткен. Ол өтінішін жергілікті кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне жеткізген.

— Бізге бағалау комиссиясы келіп, барлық құжаттарды зерделеді. Біраз уақыттан кейін залалды бағалау нәтижелерін хабарлады. Біз келісім беріп, шотымызға өтемақымызды алдық, — деді Айтуар Мырзағалиев.

«Еркінқалиева» ЖК шаруа қожалығында су тасқыны кезінде екі сиыр мен төрт кошқар суға

батып кеткен. Залалдың жалпы сомасы 1,2 млн теңгені құрады.

— Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне жүгінгеннен кейін, су тасқыны кезінде жоғалған малым үшін залал көлемі толығымен өтелді, — деді шаруа қожалығының басшысы Аида Еркінқалиева.

Жылыой ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұртас Қуатбаевтың айтуынша, бүгінде малынан айырылған азаматтардың шоттарына барлығы 123,8 млн теңге аударылған.

— Өтініштерді қабылдау жалғасуда, 15 жұмыс күні ішінде арнайы комиссия барлық құжаттарды қарайды, өтемақы малынан айырылған азаматтың жеке шотына аударылады. Бұған дейін қабылданған өтініштер бойынша залал толығымен өтеледі, — деді Нұртас Қуатбаев.

Еске сала кетейік, су тасқыны кезінде Құлсарыда 876 бас ұсақ және ірі қара мал зардап шеккен. Оның ішінде: 93 бас ірі қара, 697 бас ұсақ мал, 55 бас жылқы, 31 бас түйе, 532 құс бар. Бүгінде азаматтардан түскен барлық өтініштер бойынша өтемақы толық төленді.

Тасқыннан бөлек, кей құлсарылық үшін табиғи апат ерекше оқиғаларымен де есте қалды. Мәселен, Жұлдыз Жандосқызы тасқын кезінде алғашқы сәбиін өмірге әкелді. Жас ана Жұлдыз Жандосқызы босанғаннан кейін бірден Құлсарыдан эвакуацияланған. Қазіргі уақытта сәби анасымен бірге үйде. Су тасқыны кезінде жас отбасының үйі зардап шеккен жоқ.

— Толғағым қысып Жылыой аудандық ауруханасына сағат 00.00-де түстім, ұлымды 5 сәуірден 6 сәуірге қараған түні дүниеге әкелдім. Балам үшін аздап қорқыныш болды, бірақ дәрігерлер бәрі жақсы болады деп сендірді. Мен және тағы бір босанған әйел бірнеше сағаттан кейін Бейнеуге көшірілдік, — дейді Жұлдыз Жандосқызы.

Бұл — жас ананың алғашқы сәбиі. Атасы мен әжесі оны Бекзат деп атауға шешім қабылдапты. Бірақ сәби тасқын кезінде өмірге келгеннен кейін, туыстары оны Тасқынбай деп атап кеткен.

— Жылыой аудандық ауруханасының дәрігерлеріне сын сағатта жанымызда болып, ұлым екемізге күтім көрсеткені үшін алғыс айтамын. Тіпті, Бейнеу қаласына эвакуациялау кезінде де жанымызда бірге болды. Бейнеулік дәрігерлерге шығарылғанға дейін көмек пен қолдау көрсеткені үшін көп рахмет, — деді жас ана.

Еске сала кетейік, ТЖ кезінде Атырау облысында Құлсары қаласынан перзентханадан 12 әйел эвакуацияланды, оның ішінде 8 жас босанған ана мен 5 жүкті әйел медициналық ұйымдарға көшірілген болатын. Сонымен бірге, тұрғындарға Құлсары қаласын дамытудың жоспары таныстырылды. Зардап шеккен тұрғындар үшін жаңа шағын аудан, 2 000 орындық Бином мектебі, балабақша, саябақ салынады.

Құлсары — Атырау үшін үлкен маңызды бар тарихи қала. Құлсарының бүгінгі мен болашағы үшін игі қадамдар жалғасады.

Атырау облысы



Тасқын судан есін енді-енді жинай бастаған Ақмола облысының бірнеше аймағын енді киіктер қайта мазалай бастады. Әсіресе, астық көп егілетін Атбасар, Жақсы және Егіндікөл аудандарында дала жануарының саны жылдағыға қарағанда бірнеше есе көбейгені байқалған. Мамандардың есебінше, киіктер енді ғана себіліп, көктеп шыға бастаған егінді тұтастай таптап кетуі әбден мүмкін. Онсыз да шаш етекпен шығынға батқан жергілікті бірнеше ауданның диқан қауымы дабыл қағып жатыр. Бірақ түйткілді мәселені шешуге құзырлы органдардың қауқары жетер емес...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Быттыр елдің астықты аймағы бір жағынан қуаңшылықтан, екінші жағынан киіктердің шабуылынан, одан қара күз бойы сибірлей жауған жаңбырдан көктеп кетіп, диқан қауым шығынға белшесінен батқан еді. Республика бойынша бірнеше облыстың астықты аймақтарының дабылынан кейін киіктердің санын реттеу бойынша Үкіметтің қаулысы шығып, Ақмола облысында 44 мыңнан астам киікті аулауға рұқсат етілген. Дегенмен өңірдегі ақбөкендердің саны керісінше өсіп бара жатқанын құзырлы органдардың өзі мойындап отыр.

Түйткілді мәселе жақында облыстың аграрлық мәселелер, өңірдің индустриалды-инновациялық дамуы және депутаттық этика, заңдылық, экология және табиғатты қолдану жөніндегі тұрақты комиссиясының бірлескен отырысында тағы бір мәрте талқыға түсті.

Жиынға қатысушыларды толғандырған аса өзекті мәселе аймақта көбейіп кеткен киіктердің санын реттеу төңірегінде болды. Облыстағы аңшылық шаруа-

# КИІК КӨБЕЙСЕ, ШАРУА ШЫРЫЛДАЙДЫ



шылықтардың дамуы мен жайкүйі мен биотехникалық шараларды ұйымдастыру мәселелері жөнінде айтылған баяндамада киіктердің саны өткен жылдармен салыстырғанда ондаған есеге көбейіп кеткені аталды. Өңірдің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, бірнеше ауданда әуе арқылы шолу жүргізу кезінде киіктердің саны шамадан тыс өскені бірден көрінген.

— Өңірдің киіктердің шабуылына ұшырауы мүмкін бірнеше ауданын ведомство өкілдері әуеден бақылап шолу жасап қайтты. Киіктерді санау барысында олардың саны ондаған есе өсіп кеткені анық көрініп тұр. Мәселен, быттыр киіктер саны өңірде 19 614 болған еді. Ал биыл қазірдің өзінде киіктер саны 219 665-ке жетіп жығылыпты. Негізінен, Атбасар, Жақсы және Егіндікөл аудандарында қоныстанған. Бұл аудандарда киіктердің саны аса көп, — деді Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды

реттеу басқармасы басшысының орынбасары Болат Төкішев.

Қолда бар астығын енді сепкен диқан қауымның дабыл қағып жатқанын облыстық мәслихаттың бірнеше депутаты да растады. Депутаттардың айтуынша, биыл өңірдің аграрлық саладағы шаруашылықтары аса ауыр мөлшерде шығын шекпек. Сонымен қатар салаға жауапты тиісті аңшылық шаруашылықтар мен инспекциялардың киіктер популяциясы жөніндегі мәліметтері іс жүзіндегі киіктердің санынан әлдеқайда аз болуы мүмкін. Бұл орайда депутаттар мемлекеттік органдарға жағдайды реттеу үшін түбегейлі әрекеттерге көшу қажеттігін жеткізді.

— Меніңше киіктердің ресми аталған нақты саны іс жүзінде облыста тіршілік ететін киіктермен сәйкес келмейді. Мәселен, тек Қорғалжын ауданымен шектесетін Целиноград ауданында ғана 30 мыңға жуық киік бар. Иә, қазір Президенттің тапсырмасымен киіктерді атуға қайтадан тый-

ым салынды. Яғни, енді басқа амалдар мен тәсілдерді қолдану қажет. «Охотзоопром» аңшылық шаруашылықтарының бригадалары санын ұлғайту, киіктерді қорғау, астықты аймақтардан қуу сияқты әдістерді жүргізу керек. Егер кешенді түрде ғылыми тұрғыда мәселе зерттелмесе жақын арада ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері егін салудан және өсіруден бас тартатын болады. Ал бұл өңірдің азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай кері әсер етпек, — дейді Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Тимур Пішенов.

Киіктердің шамадан тыс көбеюі диқандардың дабылынан бөлек, олардың жаппай қырылуына да ықпал етуі мүмкін. Облыстың орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы тағы бір үлкен алаңдатарлық мәселенің шетін шығарды. Ведомство мәліметінше, облыс аумағында 27-28 сәуірде жүргізілген авиациялық есеп бойынша Бетпақдала ақбөкендері популяциясының саны 219 655 басты құраған. Мемлекеттік орган қазір жаппай төлдеп жатқан жануарлар табиғи катаклизмнің салдарынан жұқпалы ауруларға ұшырауы мүмкін екенін атады.

— Қазір жабайы жануарлар Атбасар ауданының аумағында, бұрынғы «Чурумсай», «Кайрақты», «Тайкеткен» ауылдарының арасындағы алаңда шоғырланған. Бұл фактор жануарлардың жаппай төлдеуге дайындалып жатқанын көрсетеді. Біз ақбөкендердің табиғи фактор мен климаттық

катаклизмнің салдарынан түрлі жұқпалы ауруға бейім екеніне бірнеше мәрте көз жеткіздік. Мәселен, 2015 жылы шамадан тыс ылғалды климат кезінде температуралық фактордың күрт өзгеруі және түрлі өсімдіктің жаппай өсуі салдарынан облыста киіктер қырылған еді. Сол кезде өңірде жалпы саны 10 667 ақбөкен жойылды. Биыл киіктер аса көп жайлаған Атбасар ауданында су тасқыны болды. Сонымен қатар мамыр айының басынан бастап, аймақта жауын-шашын да көбейген. Бұл аймақтағы ауаның ылғалдылығымен онсыз да қиын жағдайды ушықтырады. Мұндай климаттық жағдайлар жабайы жануарлардың иммунитетіне, әсіресе аналықтарға кері әсерін тигізеді. Иммунитеттің әлсіреуі өртүрлі ауруды, соның ішінде жұқпалы ауруды тудыруы мүмкін. Ведомство 2015 жылы болған жағдайдың қайталануынан қорқып «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК-дан бақылауды күшейту туралы хат жазған. Мобильді топтарға жанар-жағармайдың қосымша мөлшерін бөліп, патрульдеу жиілігін ұлғайту қажет. Егер жабайы жануарлардың мінезқұлқы өзгерген болса, мемлекеттік инспекторлармен бірлесіп, инспекция басшылығына және ҚР ЭТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне дереу хабарлау қажет, — дейді Ақмола облысы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Лашынтай Дүйсенов.

«Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмау» үшін киіктердің санын реттеуде ғылыми бағдарды темірқазық ету қажет сияқты. Ал ол үшін өндіріс пен ғылымның өзара байланысы біржола үзіліп қалған салаларын реттеуге дереу назар аударылуы қажет. Бұл орайда тиісті министрліктер мен ведомстволар өз міндеттеріне жауапкершілікпен қараса құба-құп?!.

Ақмола облысы

## ЕЛОРДАДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ДАМУЫП КЕЛЕДІ



Астанада Ұлттық нейрохирургия орталығында Қытай елінен келген дәрігерлер мен медицина агенттеріне арналған ақпараттық түр өтті.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы ұйымдастырған іс-шараның мақсаты — еліміздің бас қаласын жетекші медициналық туристік орталық ретінде таныстыру. Сонымен қатар медициналық туризмді дамытуға және әртүрлі елдің осы саладағы жетекші мамандарымен байланыс орнатуға және ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

20 мамыр мен 1 маусым аралығына жоспарланған іс-шара барысында шетелдік делегация қаланың озық медициналық мекемелерін аралап, ондағы медициналық қызметтермен және қолданыстағы технологиямен танысып, елорданың туристік инфрақұрылымын тамашалайтын болады.

Ұлттық нейрохирургия орталығына келген қытайлық делегация әуелі орталық туралы және Гамма-пышақ заманауи кешені туралы фильм тамашалады. Орталықты аралай жүріп, ондағы үздік заманауи медициналық құрылғылардың жұмысымен танысты. Орталықтың туристік мүмкіндіктері және нейрохирургия саласындағы жетістіктеріне қызығушылық танытып, мамандармен пікір алмасты.

Аурухананың Гамма-пышақ кешенінің медициналық физигі Жанерке Әбішова 2021 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан шведтік Elekta компаниясы өндірген Гамма-пышақ заманауи кешені туралы айтты. Оның айтуынша, Қазақстан осындай жоғары технологиялық жабдықтары бар ТМД аумағындағы үшінші және Орталық Азиядағы бірінші ел саналады. Бүгінде әлемде 400-ге жуық Гамма-пышақ кондырғысы бар, олардың жартысы АҚШ

пен Жапонияда орналасқан деп айтуға болады.

Гамма-пышақ — бұл мидың ісіктерін, тамырлы және функционалды ауруларын емдеуге арналған радиохирургиялық кондырғы. Жұмыс принципі — 192 кобальт-60 көздерінен радиоактивті сәулелену қолданылады, оның сәулелері патологиялық фокустың аймағында жиналады және біріктіріледі. Олар ісік жасушаларының ДНК-сын бұзады. Мидың сау тіндері мен науқастың бүкіл денесі сәулеленбейді. Операцияның өзі ауыртпалықсыз, бассүйегінің трепанациясын қажет етпейді. Операция бірреттік, яғни сәулелік терапия сияқты бірнеше сатыда жүргізудің қажеті жоқ. Сондықтан бүгінде Гамма-пышақ радиохирургиялық емдеудің «Алтын стандарты» болып табылады.

— Қытай елінен келген делегация біздің жұмыс істеу ережелеріміз бен тәсілдерімізге қызығушылық танытып, пациенттеріміз туралы сұрады. Гамма-пышақ кешенін аралап, пациенттерді емдеуге дейінгі және емдеуден кейінгі жоспарлы диагностикалау, МРТ өту барысымен танысты. Біздің тәжірибеміз әріптестеріміз үшін пайдалы ақпарат болды деп ойлаймын. Мәселен, біз күніне 2-ден 4-ке дейін пациент қабылдайтын болсақ, айына орта есеппен 40-қа жуық пациент қабылдаймыз. Үш жылда 1 500 адамға көмек көрсеттік, — деді медициналық физик Жанерке Әбішова.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы ара-

сындағы әріптестік аясында екі елдің медицина саласындағы ынтымақтастығы да өте өзекті саналады. Қытайдағы агенттік директоры Чжан Сяоюй Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Пекин қаласында болғаны туралы айта келіп, екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық нәтижесінде қазақстандық медицинаға қызығушылығының артып отырғанына тоқталды.

— Біз медициналық туризмді дамыту бағытында да байланыстар орнатудамыз. Сіздердің медицина жоғары деңгейде дамып келеді. Медициналық орталықтардағы құрылғылар сапалы әрі жаңа, заманауи озық технологиялармен жабдықталыпты. Қызметкерлердің жүзі жылы, мамандықтарына деген сүйіспеншілігі мен әріптестердің бір-біріне деген сыйластығы байқалады. Қытайда да медицина жақсы дамып келеді. Бірақ пациенттердің көптігі сонша, біз оларға көмектесіп үлгермейміз. Кезектің көптігінен кейбір пациенттерге емдік диагностикалауды кешіктіріп алып жатамыз. Сондықтан Қазақстанға келіп, елдеріңіздің медицина саласының мүмкіндіктерін танысыңыз келді. Қазақстандағы осы бағытпен танысқан соң екі елге де пайдасын тигізер келіссөздер жүргізілуі мүмкін, — деді Чжан Сяоюй.

Қытайдан келген делегация құрамында Гуаньчжоу, Тарбағатай, Үрімші аймағының өкілдері бар.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан ақпараттық

тур өлі де жалғасады. Елімізде медициналық туризмді дамыту бағытындағы бұл қадам шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға да зор мүмкіндіктер ашады деп күтілуде. Шара аясында Қытайдан және ТМД елдерінен келген делегация UMC корпоративтік қоры, Балаларды оналту ұлттық орталығы, Ұлттық ғылыми онкология орталығы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ауруханасы, UMIT халықаралық онкологиялық томотерапия орталығы, Green Clinic, Razzak Residence Clinic, Doctor Dent, Callisto Beauty Clinic, Tulip Medicine сынды медициналық мекемелерін аралап, танысатын болады.

Айта кететін болсақ, жыл өткен сайын Қазақстанға келетін шетелдік туристер қатары артып келеді. Дерттің шипа іздеп келушілер негізінен Астана мен Алматы қалаларындағы ірі медицина орталықтарына жүгінеді. Осы мақсатта туристерді елге тарту жүйелі жұмысты қажет етеді. Қазір елімізде JCI стандартымен жұмыс істейтін, халықаралық аккредиттеуден өткен бірқатар жетекші клиника бар. Мамандардың айтуынша, олардың әлеуеті жоғары әрі заманауи озық технологиялармен жабдықталған. Жоғары дәрежелі білікті мамандармен қамтылған. Егер шипа іздеп келген шетелдік турист үшін ыңғайлы, қолжетімді әрі сапалы медициналық орта қалыптасатын болса, отандық медицина елдегі пациенттер үшін де тиімді бола түспек.



# АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ АРМАНЫ –

## АУЫЗСУ

Сыр өңірінде ауызсу мәселесі өзектілігін жойған емес. Әсіресе, ауыл халқының ахуалы алаңдатарлық күйде тұр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Жуырда Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тұрғындарды ауызсумен қамту және су бұру мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Сол мәжілісте аймақ басшысы тұрғындарды тіршілік нәрімен қамтамасыз ету жайына кеңінен тоқталды.

Құзырлы орын таратқан мәліметке сәйкес, бүгінде облысқа қарасты Арал мен Байқоңыр қаласы орталықтандырылған ауызсу жүйесімен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Ал елді мекендердің 98,4 пайызы тіршілік нәрін тұтынып отыр екен.

Жалпы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жылда халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырғаны белгілі. Соның аясында былтыр Арал ауданы Көктем елді мекеніне ішкі су жүйесі салынса, Құландыға су тұщытқыш қондырғы орнатылған. Сонымен қатар Шиелі ауданына қарасты Қосүйенкі және Қызылқайың елді мекендеріне ішкі су жүйесі жүргізіліп, Жуантөбе ауылына су тұщытқыш қондырғы қойылса, Мойнақтан шахталық құдық қазылған.

«Бүгінде облыс аумағында 4 қала және 230 ауылдық елді мекен бар. Қалалардың барлығы ауызсумен толық қамтылған. Осылайша, халықты орталықтандырылған ауызсумен қамту үлесі 98,4 пайызға жетті. Ендігі кезекте алдымызда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауызсуға мұқтаж елді мекендерді 2025 жылдың соңына дейін орталықтандырылған сапа-



лы ауызсумен қамту міндеті бар. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды атқарылуда», – деді бұл жайында мәжілісте Нұрлыбек Машбекұлы.

Дейтұрғанмен, алыстағы ауылдарда тұрып жатқан ағайынның ахуалы әлі де оналар емес. Әсіресе, жаз басталысымен тіршілік нәріне сусаған халықтың халі алаңдатарлық күйде тұр. Оған мысалды алыстан іздемей, аудан орталығы 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді делінген Арал өңірін алсақ та жетіп жатыр. Соның ішінде ауданға қарасты Тоқабай ауылында бұл түйткілдің түйіні тарқатылмай келе жатқанына талай жыл болған. Тұрғылықты халықтың үміті күн санап сөніп барады. Сапалы су тұтынамыз деген қуаныштары қыр асып кеткелі қай заман. Бізге жергілікті жұртшылық осылай деп мұңын шақты.

«Ауыл халқына сапалы ауызсу тұтыну арманға айналды. Бұған дейін ауызсу құбыры тартылады деген ақжолтай хабар бәрімізді қуанышқа кенелткен болатын. Бірақ басталған жоба аяқсыз қалып тұр. Өз күшімізбен ұңғыма қазып, жерасты суын тұтынуға мәжбүрміз Құдды 17-ші ғасырда тұрмыс кешіп жатқан сияқтымыз. Өркениет көшіне ілесе алмай, әлі күнге суды тасып ішіп отырмыз», – деп ашынады Тоқабай ауылының тұрғыны, ауылдық қоғамдық кеңес мүшесі Нағашыбай Сариев.

Жалпы, осыдан 5-6 жыл бұрын аталмыш ауылға ауызсу тарту жұмыстары бастау алғаны көпшілікке жария болған еді. Сол уақытта жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге облыстық бюджеттен 52 млн теңге бөлінгені, келер жылы ауылға су құбыры тартылатыны айтылған болатын. Бертін келе, 2021 жылы ауылға ауызсу құбырын тарту жұмыстары басталғаны көпшілікті қуанышқа кенелтті. Алайда жұмыс жар ортадан тоқтады. Сол кездері мұны республикалық су комитеті мекемесінде бюджетке түзету енгізіліп жатқанымен түсіндірілді. Десе де,

жергілікті жұртшылық әлі күнге дейін ауызсу құбырын тарту жұмыстарында қозғау болмай тұрғанын алға тартады. Тіпті, қашан жалғасатыны жайында да құзырлы орындар жұмған аузын ашар емес деп ашынады халық.

«Бүгінде ауыл халқы өз күнін өзі көріп отыр деп айтуға болады. Ауылдан өз күшімізбен құдық қаздырдық. Бұл жұмысқа ауыл халқы болып, 10 мың теңгеден қаржы жинадық. Сөйтіп, жерасты суын шығарып, сол жерден тасып ішіп отырмыз. Өйткені бүгін-ертең сапалы ауызсу тұтынамыз деген үміт қалмады. Тұщытылған суды түсімізде көріп жүрміз. Әзірге жерасты суымен жан бағып отырмыз», – деп назын жеткізді ауыл тұрғыны.

Бұл аз десеңіз, облыс орталығындағы ауызсу сапасының төмендігі де жиі тілге тиек болып қалып жатады. Соның ішінде Қызылорда қаласындағы «Арай-2» және «Арай-3» шағынауданы халқы лай су ішіп отырғанын айтып жиі шағымданады.

Негізінен, Қызылорда қаласы бойынша ауызсуды тұтыну көлемі 62 мың текше метрді құрайды екен. Ал жаз мезгілінде оның көлемі екі есеге артады. Соған орай тұрғындарға ауызсуды тиімді пайдалану жөнінде жұмыстарды жүргізу қолға алынған. Өткенде өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Измағанбетов осылай деп мәлімдеген еді.

«Қаладағы «Арай-2» және «Арай-3» шағынаудандарындағы ауызсу сапасына тұрғындар тарапынан шағымдар көп келеді. Бұл ретте ондағы тұрғындар «Арай» су алу құрылымдарымен қамтамасыз етілуде. Бұл құрылым 2013 жылы пайдалануға берілген болатын. Қазір судың сапасына байланысты талдау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ ұңғымалардан су алынып, зертханаларға сараптамаға жіберілді», – деп түсіндірді басқарма басшысының орынбасары.

Жалпы, құзырлы орынның ресми дерегіне сәйкес, Қызылорда облысы аумағында бүгінде орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылмаған адам аз қоныстанған 26 елді мекен бар екен. Осы орайда облыс орталығындағы кейбір шағын аудандардағы ауызсу сапасының сын көтермейтін күйде тұрғанын ескерсек, аталмыш ауылдардың қазіргі ахуалын бағамдай беруге болатын шығар.

Қызылорда облысы



## ӘДЕПТЕН ОЗБАҒАН ЖӨН

Алматы облысының орталығында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтті. Кеңестің атауы айтып тұрғандай, аталған ұйым халық пен биліктің арасын жалғастырып тұрған мемлекеттік қызметте әдеп сақтаудың, бұқарамен өзара түсіністікте болудың маңызы аса зор екенін мемлекет атынан халыққа қызмет көрсететіндерге түсіндіруді мақсат етеді. Өкінішке қарай, қазіргі кезде халық пен атқарушы билік өкілдері арасында түрлі келеңсіз жағдайлар тіркеліп жатады және мұндай түсінбестіктер тұрғындардың мемлекеттік қызметке деген сеніміне селкеу түсіреді.

Болат АБАҒАН

Бұл жолғы отырыстың күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшелері Талғар ауданы Бесағаш ауылдық округінің әкіміне қатысты тәртіптік істі қарады. Қаралған мәселе жайында баяндама жасаған кеңес хатшылығының бас маманы А.Мұхтарованың баяндауына, қызметтік тергеу барысында биыл 24 наурыз күні сағат 13:30 шамасында Бесағаш ауылдық округ аумағында өткен іс-шара кезінде ауыл басшысының шағымданушымен жанжалдасып қалғаны және сол жерде ауылдық округ әкімінің қызметтік этиканы бұзғаны анықталған.

Өз кезегінде сөз алған ауыл әкімі халықпен кездесу кезінде аудан әкімі мен басқа да лауазымды қызметкерлерді балағаттап, дау-жанжал шығарып, мәмілеге шақырушыларға дөрекілік танытқан адаммен екі арада түсінбестік туындағанын мойындайтынын жеткізді. Ол кісінің өзін де балағаттап, арнамысына тигенін, сол үшін сотқа қарсы арыз бергенін, алайда оның сот отырысына келмей қалғанын тілге тиек етті. «Мемлекеттік қызметші ретінде сабырлылық танытуым қажет еді» деп өткен іске өкінішін де білдірді. Жұртпен жүздесу барысында орын алған түсінбестіктен туындаған мәселені мұқият таразылап, саралай сарапка салған кеңес мүшелері Әдеп кодексіне сәйкес, қандай жағдай болса да, мемлекеттік қызметкердің арандатуға ермей, дөрекілік танытпауы қажеттігін, барлығын заң аясында шешуі керектігін алға тартып, ауылдық округ басшысына

қатысты қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі жаза қолдану жөнінде ұйғарымға келді.

Кеңес отырысында сөз алған Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі департаментінің облыс бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі Б.Шанкереев әдеп нормаларын түсіндіру бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқтала келе, аталған саладағы қызметкерлердің санаты басқа мемлекеттік органдармен салыстырғанда төмен және жалақысы аз екеніне кеңес мүшелерінің назарын аударды.

Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Е.Әбитовтің есебінде айтылғандай, Әдеп жөніндегі кеңестің 17 отырысы өткізіліп, 180-нен астам мәселе, оның ішінде 152 тәртіптік іс қаралыпты. Мемлекеттік қызметкерлер арасында әдеп нормаларын түсіндіру жөнінде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында бірқатар кездесу мен көшпелі отырыстар ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Талғар, Іле, Қарасай аудандарында өткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу профилактикасы мен мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша көшпелі кеңес отырыстары өткізілген. Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен бірлесіп, Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласында мемлекеттік қызметшілерге жаңа Әдеп кодексі түсіндіріліпті.

Алматы облысы

### «1С бағдарламасын қолдау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «1С бағдарламасын қолдау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

### Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Сопровождение программы 1С»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Сопровождение программы 1С» – несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.



Тарихтың ақтаңдақ беттерінде ақиқаты әлі күнге ашылмаған орындар аз емес. Оның бірі тылсым табиғатымен таңғалдырса, енді екіншісі құрылымдық болмысымен ғалымдардың өздерін тығырыққа тіреуде. Міне, сондай жердің бірі – Жамбыл облысындағы Ақыртас қалашығы.

# Ақиқаты ашылмаған Ақыртас

Саятхан САТЫЛҒАН

Ақыртас қаласына қатысты деректер тек болжам мен жорамалға негізделген. Сондай-ақ аңыздармен астасып жатқан тұстары да көп.

Тараз қаласынан қырық шақырым қашықтықта орын тепкен тарихи қалашық өн бойына тылсым құпияларды бүгіп жатыр. Қырдағы қызыл тастар қайдан және қашан пайда болғанын ешкім дөп басып айта алмауда. Тарихи орынды зерттеген қай ғалым болмасын тек болжамды нұсқасын ұсынауда.

Ақыртас жайлы алғашқы дерек, 1222 жылы Шыңғыс ханның шақыртуы-

ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізбесіне еніп, ерекше қорғауға алынды. Сондықтан мұндағы қазба жұмыстарының құпия тұстары да бар.

Қаланы ел ішінде «Алыптар тұрғызған сарай» деп те атайды. Оған себеп бастапқыда Ақыртаста қаланған тастардың биіктігі 3-4 метрді құраған. Алайда «Түркістан – Сібір теміржол» құрылысы кезінде адамдар тастарды құрылысқа пайдаланып, тауыса жаздаған. Содан қаланың қазір еңсесі біршама басылып қалған. Десе де тастардың бүгінгі пішінін өзі таңғаларлықтай. Он ғасыр бұрын қазіргідей құрылыс техникаларының болмағанын, барлық жұмыс тек адам күшімен орын-

сүйенсек, Ақыртас салынып бітпей қалған ірі бек сарайының іргесі көрінеді. Тарихи нысанды 1940 жылдан 30 жыл бойы зерттеген академик Пашевич болса: «Мұндай керемет есептерге сүйеніп жасалған құрылыс және блоктарға пайдаланған материалдар бұдан бұрын болған емес. Бабаларымыздың тарихи мақтанышы әрі ғажап ескерткіші – Ақыртастың әлем ғажаптарының қатарынан болуына құны да, құпиясы да, құдіреті де жетеді», – деген ой айтқан.

Ақиқаты ашылмаған жерде аңыз-эпсаналардың қатар жүретіні белгілі. Сондықтан құпия қалашық жайлы ел аузында жүрген әңгіме көп. Соның бірі мына тұрған тастар осы қалашықтың жергілікті халқы дегенді алға тартады. Ақыртасқа жау төнген сәтте қала жұрты Құдайға жалбарынып: «Бізді жауға құл еткенше, тасқа айналдыр!» – деп жалбарынған көрінеді. Содан ел тілеуі қабыл болып, қала халқы түгелдей тасқа айналып кеткен-мис.

Одан әріден тамыр тартатын аңызға сүйенсек, Адам атаның қызынан Әжі есімді алып туған деседі. Оның бойының биіктігі соншалық – теңіз суы тізесінен ғана келген екен. Бір күні алып Түймектен ханның айдай сұлу қызы барын естіп, құда түсуге барады. Хан алыпқа құрмет көрсетіп, қызын беретінін, алайда қалыңмал орнына тастан қала салып беруін өтінген. Содан болашақ қайын атасының сөзін жерге қалдыра алмаған Әжі тастан қала сала бастайды. Қызу еңбек кезінде ол хор қызындай сұлу болашақ жарын алыстан көріп, басы айналып, аяқ-қолынан әл кетіп, жұмыс істеуден қалады. Бойжеткеннің бетіне тіке қарай алмаған Әжі бұл қылығына ұялып, құрылысты тастап кетіп қалған деседі. Тас камал

сол бойы аяқсыз қалған дейді ел аузында жүрген аңыз.

Тағы бір дерекке сенсек, Ақыртас қаласының астында Тараз шаһарындағы көне Тектұрмас кешеніне жеткізетін жерасты жолы бар екен. Осы жол арқылы Түркістан өңіріндегі киелі орындарға табан тіреп, тіпті Меккеге де жетуге болатын көрінеді. Алайда сол жолды тауып, құпия құлпын ашпақ болған бірде-бір ғалым қайта кері оралмаған. Бұған қатысты зерттеушілер жерастында газдың мол қоры бар деген болжам жасап, жерасты жолына бастайды деген үнтірді бітеп тастаған. Бұл теория өзінің ғылыми дәлелін таппағандықтан оны ғалымдар тек аңызға балайды.

Ақыртас қалашығында жатқан тастар дертке дауа беріп, сырқаттан сауықтырады деп сенетіндер де көп. Сондықтан Ақыртасқа арнайы ат басын бұрып, қызыл тастың үстіне тізе бүгіп, тіпті құшағына қысып отыратындар да аз емес. Келушілер осылайша тастың бойындағы жылу ауруымызға шипа болады деп сенеді. Ал тағы бір келушілер жүрек түбіндегі тілегіміз орындалады деген ниетпен қалашық жанында өсіп тұрған жасыл желекке ақ мата байлап жатады.

Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілгенге дейін Ақыртастың айналасын қалың шөп басып, қызыл тастары жан-жақта шашылып жатқан еді. Қалашық мемлекет қорғауына алынғаннан кейін оның айналасы қоршалып, жарық пен жол жүргізіліп, ғалымдар қаланың бастапқы бейнесін келтіруге күш салды. Соның арқасында бүгінде қалашыққа келуші туристердің қарасы қалың. Ал Ақыртас қаласының қабырғасына қаланған тастар алдан ала өңделіп, оған қоса су жеткізу жүйесінің математикалық дәлдікпен жүргізілгені әлем зерттеушілерін әлі күнге таңғалдыруда.

Қазір әлем ғалымдары Ақыртас қаласының құрылысы мен жұмбағын Ұлыбританияның Уилтшир графтігіндегі «Стоунхендж» кешеніне ұқсатып жатады. Ағылшындар еліндегі бұл нысан да иен далада алып тастармен қаланған қалашық көрінісін тапқан.

Қаланың «Ақыртас» атануының да өзіндік сыры бар. «Ақыр» сөзі «соңғы» деген ұғым берсе, ғалымдар «Ақыртас» «соңғы тас» ұғымынан шыққан деген болжамдарын айтады.

Қалай дегенде де, «Ақыртас» қалашығы әлі талай құпияны қойнауында бүгіп жатқаны анық. Енді оның жұмбағы қашан ашылып, ақиқаты қай кезде топырақтан аршылып шығатыны бір Аллаға ғана аян. Алайда Жамбыл жерінде осында тылсымға толы тарихи орынның орналасуы Әулиеата өңірінің қасиетін арттыра түсетіні анық. Әрі бұл кейінгі ұрпаққа мұра мен өсиет.

Жамбыл облысы



мен жолға шыққан қытай саяхатшысы Чин-Чунеленің күнделігінен кездеседі. Ол қойын дәптеріне: «Жол бойында өң қызыл тастан тұрғызылған қалаға тап болдық. Қай қырынан қарасан да тастан қаланған қаланың салынуы мен есептік дәлдік көрсеткіші таңғалдырады. Ежелгі әскери бекініс болған секілді», – деп жазып қалдырған.

Шөлдің ортасынан пайда болған қалашық тастары пішінімен де таңғалдырады. Тарихи деректерге сүйенсек, VIII-IX ғасырларда пайда болған қаланың тастары он ғасырды артқа тастаса да әлі күнге болмысын бұзбай осы күнге жетіп отыр. Осы ерекшелігінің арқасында Ақыртас қаласы 2014 жылы

далғанын ескерсек, ауыр тастарды қайшымен қиғандай түзу етіп бөлшектеудің артында қандай құпия жатқанын түсіну қиын. Ғалымдардың өзі Ақыртас қаласын тұрғызуда қандай әдіс-тәсіл қолданылғанын таба алмай, еріксіз бас шайқауда. Тіпті, алып қызыл тастардың қалай жеткізілгені туралы да нақты бір байлам жоқ.

Жалпы, соңғы онжылдықтарда Ақыртас қаласын зерттеген ғалым көп. Солардың бірі П.Лерх «Ақыртас салынып бітпеген будда ғибадатханасы» десе, академик В.Бартольд қалашықты «Несториан ғибадатханасы» деген болжам жасаған. Ал археолог Т.Басеновтың жазбасына



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгу НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербоқыт ЖААҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баиян ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСЕ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
rek.lama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Талпырыс №4451  
Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС  
Сілтегі көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.